сауда керуені жолындағы қалаларды тонау және шұрайлы жайылымдарды басып алуы қазақ халқын ауыр экономикалық қиыншылыққа душар етті. Барған сайын аясы тарылған аз ғана жерде қыс қысымын көріп күйзеліп, жұтап шыққан елге 1723 жылы көктемде жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасады. Олардың қалың қолы Қазақ Елінің оңтүстік аудандарына басып кіріп, Қаратудан асып, Талас өзенінің алабына дейін жетті. Бұл кезде шабуыл бола қояды деп ойламай қаннен-қаперсіз жатқан ел енді ғана жайлауға көшуге қамдана бастаған болатын. Жоңғар жасақтарының қарулы қолы қорғануға мұршасы келмеген бейбіт елді шауып-жаншып, қырғындап, үй-мүлкін тонап, малын айдап кетті, тірі қалғандар атамекені мен мал-мүлкін тастап қашуға мәжбүр болды. 1724-1725 жылдары жоңғар феодалдарының шапқыншы әскерлері Сырдария алабындағы отырықшы-егінші ауылдары мен қалаларды ойрандап, Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласын, және Қазақ Еліне қарасты Ташкент, Сайрам т.б. қалаларды басып алып, талан-таражға ұшыратты және қиратты. Жетісу мен Сырдария өңіріндегі егістік жерлер құлазып, қалалар қаңырап, колонері мен сауда-саттық жым-жылас болды. Бұл егіншілік ошақтары мен колонер, сауда орталықтарынан қол ұзу елдің экономикасын қатты күйзелтті. Жасанған жаудың тұтқиылдан жасаған жойқын жорығынан есі шығып, бас қосып тойтарыс беру мүмкіндігінен айырылған қазақтар тоз-тоз болып жосып, Сырдария өзенінің арғы жағына өтті, Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының бір бөлігі Шыршық өзенінен ары кетті. Қазақтардың біразы Алқакөл маңынан Бұқара мен Самарқанға қарай ағылды. Ал Кіші жүз қазақтары Сауран қаласын айналып, қазіргі Шиелі, Қызылорда тұсынан Хиуаға беттеді.

Қазақ халқы өз өміріндегі аса ауыр апат, зор зобаланға тап болып, адам айтқысыз ауыр аянышты күндерді басынан кешірді. Ата қоныс, құтты мекен, мал-мүлкінен және баспанасынан айырылған, аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырған қарапайым халық бұқарасы жаздың қайнаған ыстығында қағыр далада қаңғырып шөлден қырылды. Қыстың ақ қар, көк мұз қақаған аясында күн көрісі малын жұтатып, үсіп өлді. Ашаршылыққа ұшыраған жұрт жол-жөнекей жер желкегін, шөптің тамырларын, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық сияқты жабайы өсімдіктерді теріп жеп, қайыр сұрап күнелтті. Әйелдер мен балалар және қарт адамдар адам тізгісіз жол азабына шыдай алмай, жапан түзде қалып аштан қырылды. Бұл ауыр оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады. Мұның былай аталуы: жаудан қашып жаяу шұбырған қалың қауым әрі болдырып, әрі ашаршылықтан бұралып, Алқакөл көлінің жағасына келіп сұлап жатқанда, көп ішінен бір ақсақал адам шығып: «Адам баласы өмірде көрген жақсылық пен жаманшылықтың бәрін ұмытпауы керек, біз осы көрген күнімізді не деп атасак болар?» деп сұрапты. Сонда тағы бір қария орнынан тұрып: мұның аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болсын депті. Мұның мәнісі: «ата-мекен, мал мүлкінен айырылып, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш босқан ел шұбыра-шұбыра табаны ағарып, азып-тозды деген сөз екен. Бұл оқиға қазақтың Кіші жүзі арасында «Сауран айналған» деген атпен әйгілі

Жарлықпен және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртібімен жүзеге асырылады [3].

Қаралып отырған тақырыптар туралы тағы да мынадай құқықтық негіздер бар. Олар: 1992 жылғы 2 қазанда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің № 819 «Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары туралы» Ереже [4], жерді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы Ереже және Қазақстан Республикасында Айналадағы табиғи ортаның пайдалануы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау туралы Ереже. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 желтоқсандағы № 785 қаулысымен бекітілген болатын [5].

Жоғарыда аталған 1992 жылғы 2 қазандағы № 819 және 1991 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған № 785 Ережелерде табиғи ресурстарын пайдалануы мен қорғалуын бақылау жөнінде бұл қызметтер туралы қайталаулар бар. Оны № 785 Ереженің 1-тармағынан көруге болады [6]. Бірақ Қазақстан Республикасында айналадағы табиғи ортаның пайдалануы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау туралы № 785 Ереженің мазмұны Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті жерлердегі органдары туралы Ережеден аумақты. Оның үстіне ол Қазақстан Республикасындағы барлық мемлекеттік бақылау органдарының осы саладағы құзыретін, соның ішінде аталған жер қатынастары және жерге орналастыру органдары, жергілікті атқарушы органдардың жерді пайдалану және қорғау саласындағы құзыреттерін атап көрсеткен. Дегенмен осы аталған құжаттардағы параллельді қызметтерді болдырмау үшін келешекте мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға және жерге жеке меншік құқығының берілуіне байланысты аталған ережелерді және басқа жер қатынастары саласындағы заңдардағы мемлекеттік бақылаудың мазмұнын қайта қараған жөн болады.

Жер құқық қатынастарында мемлекеттік бақылаудың жер пайдалану және қорғау саласында заң бұзушылықты болдырмау, оның алдын алу және жер заңын бұзушылармен күрес жүргізудегі ролін ескере отырып, бұл мәселелердің негізгі бағыттарын қысқаша қарауды жөн көрдік. Жер пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар өз қызметтерін жер және айналадағы табиғи ортаны қорғау және басқа заңдарды басшылыққа алып, осы бақылауға қатысты өздерінің өкілдіктері шенберінде қызметін атқарады.

Жергілікті атқарушы органдардың (әкімшіліктер) аталған жер қатынастары саласындағы құзыреті ҚР ЖК тиісті баптарында қаралған. Бұл баптардың атаулары жер қатынастарын реттеу саласындағы облыстық, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа), қалалық, поселкелік, ауылдық және селолық) атқарушы органдардың құзыреті туралы болғанымен осы баптардың мазмұнында жерді пайдалану мен қорғауға бақылау жасау құзыреттері бар. Бірақ аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық және селолық атқарушы органдар жерді пайдалану мен қорғауға бақылауды тікелей өздері іске асырады. Ал

туындайды (есепке алу, жоспарлау, бөлу және қайта бөлу, жерді пайдалануды қамтамасыз ету, бақылау және қорғау).

Ресейдің ғалымы Е.Н. Колотинская жер құқық қатынастарындағы бақылауды басқаша тұжырымдаған. Оның пікірі бойынша, жерді пайдалану мен қорғауды, бақылаудың жүйесіне жердің пайдаланылуы мен қорғалуы және жер мониторингісін жүргізу саяды [2, 113 б].

Бұл пікір біздің Республикамыздың Жер туралы Жарлығының осы саладағы тәртібіне жақын. Біздің Жер туралы Жарлықта тек ғана жерге мемлекеттік бақылау жүргізудің міндеттерінде жер мониторингісін жүргізу жоқ және болуы да мүмкін емес. Жер мониторингісінің міндеттері басқа. Аталған Ережеде өз құзыреті шеңберінде жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы органдардың нұсқауларын орындау жер учаскелерінің барша меншік иелері мен жерді пайдаланушыларға міндетті болып табылады деген.

Бұл арада аталған органдардың қызметінің меншік субъектілері Жер туралы Жарлықтағыдай жерге барлық меншік иелері мен жер пайдаланушылар. Жоғарыда аталған Ереженің 1-бөлімінде көрсетілген «Жер заңдарының сақталуына» деген сөйлемнің күші ескерілмеген Егер, жер заңдарының сақталуына қадағалау жасалатын болса, аталған органдардың бақылау қызметі жер қатынастарының басқа да субъектілеріне, оның ішінде жергілікті атқару мен табиғи ресурстарды басқару органдарының қызметіне бақылау жасау құзыреттерін атқару керек болады. Сондықтан Ереженің 1-бөліміндегі аталған «Жер заңдарының сақталуына» деген сөздердің қажеті жоқ сияқты.

Егер жердің пайдаланылуы мен қорғалуына бақылау жасайтын органдардың құзыретіне тоқталатын болсақ, олардың осы саладағы құзыреттері бұл шектен шығып кетеді. Мысалы, жерді пайдалану мен қорғауға қатысты нормативті актілерді әзірлеуге қатысатын, пайдалануы адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайларға, апаттарға, тарихи-мәдени мұралар мен табиғат ландшафтарының бұзылуына, ауыл-шаруашылығы өнімдері мен су көздерінің ластануына алып келетін тозған және ластанған жерлерді белгіленген тәртіпте консервациялау туралы ұсыныстар енгізу сияқты қызметтер аталған органдар туралы тәртіпте (ережелерде) көрсетілетін олардың жалпы құзыреттеріне жатады. Мұндай сөйлемдер бақылаудың түрлеріне және оның саласына жатпайды.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытындыға келуге болады. Жер қатынастарында мемлекеттік бақылау жерді пайдалану мен қорғау саласындағы жер заңдарының орындалуын қамтамасыз ету бо-лып табылады. Жер қатынастарында мемлекеттік бақылау мемлекетті жалпы басқарудың, оның ішінде жерге мемлекеттік меншікті басқарудың бір саласы.

Жер қатынастарында жерді пайдалануды және қорғауды мемлекеттік бақылау құзыреттері ҚР ЖК 18 тарауының 144-148 баптарында көрсетілген және «Жерді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру туралы Ережеде» қаралған органдар жүзеге асырады. Олардың құзыреттері Жер туралы

болды. Жоңғарлардың шапқыншы әскерлерінен қашқан Кіші жүз қазақтары, соңынан түскен жауды көз жаздыру үшін Сауран қаласын айнала көшкендіктен, бұл оқиға «Сауран айналған» деп аталған екен.

«Ақтабан шұбырынды» апатында зар заманды басынан кешірген қалың қазақ қауымы өзінің аянышты ауыр халінен көңіл-күйін бейнелейтін «Елім-ай» сынды мұңлы ән шығарды. Бұл ән халық жүрегінде жатталып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.»Қаратудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. Ел-жұртынан айырылған жаман екен, екі көзге мөлтілдеп жас келеді». Ел есінде сақталған «Елім-ай» әнінің басқа да шумақтары халық бұқарасының зар замандағы мұң-зарын бейнелейді [5, 76 б].

«Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақтарға қарсы шабуыл мен талан-тараж тұс-тұстан анталады. Жоңғар феодалдары қазақтарға шығыс және оңтүстік жағынан қаптағанда, Еділ бойындағы қалмақ хандары солтүстік батыс бүйірден тиісті. Орта Азия хандықтарының жеріне ауып барған қазақтар бұл арадан мал жайылымына қолайлы жер таба алмай сенделіп, көзге түрткі болды. Қазақтарға бір жағынан Қоқанның бектері қоқандаса, тағы бір жағынан Бұқара мен Хиуаның хандары жаппай құлдыққа кіріптар еткісі келді. Иран мемлекетінің маңына ығысып барған қазақтар, Иран Шахы Нәдір Афшардан зорлық-зомбылық көрді. Қазақ халқы сонша сұмдық жағдайда жүрсе де, олардың ешқайсысына құлдық ұрмай, бас ұрмай, өзіне тиіскендердің бәрімен жанқиярлықпен шайқасты. Бұл кезде Орта Азияның өзі де аласапыран соғыс жағдайында болатын. 1721-1725 жылдар аралығында Бұқарада болған орыс елшісі Ф. Беновени былай деп хабарлаған: «Орта Азияда үздіксіз соғыс болып жатыр, бұл соғысқа ауғандар, парсылар, хиуалықтар, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және қалмақтар қатысуда. Бұлардың бәрінің де өзара бір-бірімен дау-шарлары бар» [6, 86 б].

Орта Азияда баспана таба алмаған қазақ қауымы тұс-тұстан анталаған жауымен жағаласа отырып, батысқа және солтүстік батысқа қарай ығысты. Олардың алдыңғы шебі Жем, Жайық, Елек, Ор, Ойыл алабына жетіп тоқтады. 1725 жылдың қыркүйегінде Үфа әскер басы Петерборға: «Қырғыз-қайсақтар» (қазақтар) әйелдерімен, балаларымен топ-топ болып Елек өзеніне кетуде, бұларды да қарақалпақтар мен қайсақтарды, хұнтайшы талқандап, олардың екі қаласын (Түркістан мен Ташкент қаласын айтып отыр) басып алыпты және үйлеріндегі әйелдерін, балаларын қосып, көп адамды кескілеп өлтіріпті, мүліктерін алып кетіпті» деп мәлімдеген. Дәл осындай мәліметтер Жем, Жайық маңайларынан да түсіп отырған. «Ақтабан шұбырынды» болған қазақ халқы бұл жерде де үздіксіз шапқыншылыққа және талан-таражға ұшырап отырды: «Еділ бойының қалмақтары, Жайықтың қазақ-орыстары мен башқұрттар тұс-тұсынан қазақ ұлыстарын талқандап, малын айдап кегті, адамдарын тұтқынға алды, қыстың суығы, жұт пен аштық күйзелісі күшейе түсті». Әйгілі қазақ ғалымы Ш. Ұәлиханов «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын айта келіп, XVIII ғасырдың алғашқы 25 жылы «қазақ халқының өміріндегі сұмдық ауыр уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ бойының қалмақтары тұс-тұстан қазақтардың ұлыстарын

қырғынға ұшыратты, малдарын айдап әкетті, қазақтарды бүкіл үйелмендерімен тұтқындап алды» деп жазды. «Ақтабан шұбырынды» кезінде Орта Азияның хандары мен бектеріне, Еділ бойындағы қалмақ хандарының, Жайық бойындағы казак-орыс атамандарының тұс-тұсынан жасаған шапқыншылығына ұшырап, өріс-қоныстан қысылып, барар жер басар тауы қалмай тарыққан казактар қатты күйзеліске ұшырады.

Жоңғар хунтайшысы Цебан Рабданға жіберілген орыс елшісі Иван Ынковский өзінің (1722-1724 жылдардағы) күнделік дәптерінде: «Өзі билік жүргізу бастағаннан бері хунтайшы (Цебан Рабдан) қазақ ордасымен үздіксіз соғысуда, ал қазақ ордасы қарақалпақтармен бірлесіп соғысуда, хунтайшы қазақ ордасына қарсы 30 мыңдай адам ұстап отыр және хунтайшы көп қазақты жеңіп алды» деп жазған, Жоңғар феодалдарының шапқыншылығы тек қазақ халқына ғана емес, сол кезде қазақтармен одақтас қырғыз, қарақалпақ халқына да ауыр зардабын тигізді. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қарақалпақтар қазақтармен бірге Орта Азия хандықтары мен Ресей шекарасына қоныс аударды. Бұл шапқыншылық соғыстар ойрат-жоңғар тайпаларының еңбекші халқына да ауыр зардабын тигізді, билеуші топтар оларды бұл соғыстарға еріксіз айдады, толассыз жүргізген соғыстардан алым-салық ауыртпалығы еңбекші шаруаларға түсті, олардың өмірін мейілінше күйзелтті, соғыс талан-таражынан түскен ақшалар тек соғысушы әскери-феодалдық шонжарларды ғана байытып отырды.

«Ақтабан шұбырындының ауыр апаты бес жылға (1723-1728) созылды. Бұл апаттың зардабы қазақ даласының жерінде біркелкі болған жоқ. 1723 жылы көктемде тұтқиылдан шапқыншылыққа ұшыраған Оңтүстік Қазақстанның аудандарында, Талас өзенінің алқабы мен Сырдария өңірінде өте ауыр болды. Ұлы жүз бен Орта жүздің осы өңірді мекендеген ұлыстарын ойрандап, бұл өңірдегі егіншілік пен қала мәдениетін қиратты. Ең алдымен, «ақтабан шұбырынды» болғандар осы өңірлердің тұрғындары, оның ішінде осы аймақта қоныстанған арғындар еді, сондықтан арғындар Қаратудан аса көшкен, ақтабан шұбырынды осы деген» деп айтылады. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақтардың бәрі бірдей өз мекенін тастап, жалпы қоныс аударып кеткен жоқ. Қазақ хандығының шығыс және оңтүстік өңіріндегі жоңғарлар басып алған жерлердегі қазақтар уақытша жоңғар билеушілеріне бағынып, аманат қойып, ауыр алым-салық төлеп отыруға мәжбүр болды. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Ұлы жүздің ханы Жолбарыс осылай істеді. Қазақ ұлыстарының едәуір бөлігі өз мекендеріндегі мықты тауларға бекініп алып, берілмей күрес жүргізе берді. Жоңғар билеушілері басып алған жердегі қазақтар жаудың артқы шебінде қарулы көтерілістер жасап отырды. Бұл күрестердің негізгі күші халық бұқарасы еді, оны ұйымдастырушылар қарапайым халық ішінен шығып, ел-жұртына деген адалдығымен, еңіреген ерлігімен таңылған қазақ батырлары болды. «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Жәнібек батыр», «Сабалак батыр» сияқты ондаған тарихи жырлар осы күресті бейнелейді. Халық басына зор-зобалаң, қиын-қыстау

Үкіметінің, орталық атқарушы органның жер ресурстарын басқару жөніндегі және оның жергілікті органдарының да құзыреті бар. Бұл басқару құзыреттер жер заңының мазмұнын құрайды. Шын мәнінде, жерге мемлекеттік бақылау жер заңдарының бұл саладағы жер қатынастарына қатысы жоқ. Себебі жерге бақылау жасау аталған 108 баптың жалғасында көрсетілген субъектілердің жерді ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы белгіленген шаралардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Осы баптың 2-тармағында жер заңдарының сақталуына, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жеткілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын, табиғат қорғауды басқару жөніндегі атқару органдар және басқа да уәкілді органдардың жүзеге асыруы көрсетілген. Соған Қарағанда жерге мемлекеттік бақылау жүргізуді жүзеге асыратын органдардың жүйесіне мыналар жатады: 1) жергілікті атқарушы органдар (әкімшіліктер); Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет және оның жергілікті органдары; Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі және оның жергілікті органдары; Денсаулық сақтау министрлігі; Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарға құрылыс салу министрлігі; Ауылшаруашылық министрлігі; 7) Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті. 1997 жылғы 19 ақпандағы «Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы» Ереженің 3-4 бөлігінде қаралып отырған бақылауды екі топқа бөліп қараған.

Бірінші топқа. Жергілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын басқару, табиғат қорғау жөніндегі атқарушы органдар мен басқа да өкілетті органдар, екінші топқа – басқа өкілетті органдар, яғни: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі; Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі; Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті жатқызылған. Екінші топтағы органдардың бірінші топтағы органдардан айырмашылығы олар өз қызметін жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып және өзара іс-қимыл жасау арқылы жүргізеді.

Жер қатынастарында мемлекеттік бақылау қызметінің ауқымын аталған 108 баптың 3 тармағынан да көруге болады. Онда: «Өздерінің құзыреті шегінде жер пайдалану мен қорғау мәселелері жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың нұсқаулары барлық жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін міндетті», – деп көрсетілген.

Осы аталғандардан жер қатынастарында мемлекеттік бақылаудың міндеті «жер заңдарының тиісінше атқарылуына» емес, тек жерді пайдалану мен қорғау саласында атқарылатын қызмет деп түсінуге болады.

Жерге бақылау жасау жөнінде ғалымдардың көзқарастарына тоқталатын болсақ, Б.В. Ерофеев жер қатынастарындағы мемлекеттік бақылауды жер қатынастарын реттеудің мемлекеттік қызметі қатарында қараған. Оның пікірінше жер қатынастарын мемлекеттік реттеудің мазмұны мемлекеттік объектілерге және меншіктің басқа түрлерінің объектілеріне тиісті өкілеттігінен

Біз бұл көзге ұрып тұрған айқын дәйекпен келісе отыра айтылғанның шындық екендігін дәлелдей түсу үшін өзіміздің тарапымыздан қазіргі күні жер қатынастары аясындағы бақылау қызметін жүзеге асырудың мақстаы, міндеті, негізгі бағыттары мен оны жүзеге асырудың тәртібі біздің елімізде 20 маусым 200 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жер кодекsinде көрніс тапқан. Сонымен қатар, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау атты 19 ақпан 1997 жылғы №25 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында орын алғандығын айтқымыз келеді.

Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, жоғарыда айтылған ойларды жоққа шығару әбестік те болып көрінуі мүмкін. Соған қарамастан, қазіргі қолданыстағы жерге қатысты заңнаманы саралаудың нәтижесі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында «жерді пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік жер бақылау» институтына толыққанды түсінік бермейді. оны қолданыстағы Қазақстан Республикасындағы Жер кодекsinің «Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау» атты 18 тарауынан көреміз.

Жер қатынастары аясындағы мемлекеттік бақылаудың түсінігі Қазақстан Республикасы Жер Кодекsinің «Жалпы ережелер» атты 1 тарауының «Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар» атты 12 бабында орын алмаған. Қазақстан Республикасының Жер Кодекsinің 145 бабының 1 тармақшасында «Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жер ресурстарын пайдалану жөніндегі орталық уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары, сондай-ақ өзге де уәкілетті органдар өз құзіреті шегінде жүзеге асырады», деп көрсетті.

Жер құқық қатынастарында мемлекеттік бақылаудың міндеттері – Жер заңдарының тиісінше атқарылуын, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды орындауын қамтамасыз ету.

Жер құқығы теориясында жердің пайдаланылуын бақылау жалпы мемлекеттік басқарудың бір саласы болып саналады немесе оның құрамының бір элементі. Сонымен бірге жерді мемлекеттік бақылау жерді пайдалану үрдісі мен ведомстволық органдардың жерді басқаруын бақылайды деген пікір бар. ҚР ЖК мазмұны бойынша жерге мемлекеттік бақылау жер қатынастарын басқарудың бір элементі ретінде қаралған.

Жерді басқару мен жерге мемлекеттік бақылау, оның теориялық мәселелері жөнінде пікірталастар да бар. Оларды жүйелеп қарау біздің тақырыпқа сыймайды. Сондықтан біз Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жерге бақылау жасауды теориялық талдау жасап, бұл қызметті жүзеге атқаратын органдардың жүйесін және олардың қолданатын шаралары туралы тақырыпқа сай қараймыз.

Жерге мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасы Жер туралы заңына сәйкес жер құқық қатынастарды реттейтін барлық жер заңдарын қамтиды. Оны жоғарыда аталған Жер туралы Жарлықтың 108-бабының бастапқы мазмұнынан байқауға болады. Онда мемлекеттік бақылаудың жер заңдарының тиісінше атқарылуын қамтамасыз ету қаралған. Жер заңында Қазақстан Республикасы

күндер туғанда басын бәйгеге тігіп, ел қорғаған ерлерді қазақ халқы дастан етіп жырлады, олардың аты ұранға айналып отырды [7, 88 б].

Қазақ халқы «ақтабан шұбырындының» ауыр жылдарында адам төзгісіз қиыншылықтарға қажымай, бойындағы бар қайратын сарқа жұмсап, тұс-тұсынан қаптаған жауларға қарсы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдік еркін қорғап қалды. Қазақ халқы жерінің едәуір бөлігін жоғалтып, бірқатар тар кезеңдерді басынан кешкендеріне қарамастан, елдің саяси және экономикалық дербестігін сақтай білді, жауына соққы беретін тың күш жинап, жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күреске жаппай аттанды.

Осынау ел басына күн туған аласапыран кезде бүкіл қазақты жоңғар басқыншыларына қарсы біріктірген, осы күрестегі үлкен бетбұрыс кезеңге жол салған, пәтуғаға шақырған жер Ордабасы тауындағы бас қосу болды. Үш жүз өкілдерінің билері мен сұлтандарының байларының, бүкіл қазақ сахарасынан келген мыңдаған жасақтардың жолын түйістірген кездесуіне, міне 280 жыл толады екен.

Алайда Қазақ Елі тәуелсіздігін алғанға дейінгі кезеңде 1726 жылдың мамыр айында өткен Ордабасы кездесуіне жеткілікті көңіл бөлінбей келді. Тіпті сол кездегі оқиғалар айтылған күннің өзіне Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылуы төңірегінде ғана сөз болып, XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың 60-жылдарына дейінгі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы бұғауына қарсы күресі көмескіленіп көрсетілді. Халық ішінен шыққан дара тұлғалы, аттар аңызға айналған қолбасшылар мен батырлар, билер мен хандардың есімдері қасақана айтылмаған еді. Әрине, халқымыздың ондай ерлік істерін айту қазақтардың батыр да, батыл, жауынгер, туған жерінің, халқының бостандығы үшін қаһармандықпен соғыса алатындығын көрсетіп, олардың бостандыққа деген ұмтылысын оятып, рух берер еді. Сондықтан тоталитарлық кеңес жүйесі кезінде халқымызды ынтымаққа, бірлікке, бостандыққа шақырған Ордабасы кездесуі ауызға алынбады. Мұның өзі сол замандағы халқымыздың басына ауыр зардап әкелген жоңғарлармен бір жарым ғасырға созылған күрестің тарихын, Ордабасыдағы кездесудің саяси тарихын шындық тұрғысынан терең зерттеуге, оның маңыздылығын көрсетуге көп уақыт бойы мүмкіндік бермеді. Соның маңыздылығына байланысты 1993 жылы 27-29 мамырда бүкіл Қазақстанның, түркі халықтарының назары осы Ордабасыға ауып, XVIII ғасырдың аса көрнекті мемлекет қайраткерлері Төле биді, Қазыбек биді, Әйтеке биді еске алу күндері өтті. Осы алқалы жиында 1726 жылы дол осы тауда қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күш біріктіргендігі атап көрсетілген болатын.

Енді осы айтылған қазақтың үш жүзінің өкілдерінің басын қосып, аса маңызды саяси роль атқарған Ордабасы жиынына қысқаша тоқталатын болсақ, 1726 жылы мамыр айының соңына қарай бүкіл қазақ халқының асыға күткен жиыны басталып, оны Тәуке ханның орнына отырған оның ұлы Болат хан басқарды. Осы кездесуге Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек билердің қатысқандары анық. Ал Кіші жүзден қатысқан би жөнінде тарихшылар, заңгерлер әлі бір тоқтамға келген жоқ.

Кездесу қарсаңында Әйтеке бидің қайтыс болуы себепті, басқа бидің болғаны анық. Осы жиында Ұлы жүздің ханы Жолбарыс, Орта жүздің ханы Семеке, Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың да болғаны анық. Бірақ та олар сол кезде хан дәрежелі емес, сұлтан дәрежелі болуы мүмкін. Осы кездесуе қазақтың сан мыңдаған жасақтарын басқарған қолбасшылары да келеді. Бүгінгі Ордабасы тауының беткейінде саналы өмірін туған жерін, қазақ елін қорғауға арнаған халық батырлары Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай т.б. көптеген батырлардың іздері қалған. Бұл жерді тек үш бидің ғана емес, бүкіл қазақ хандарының, ондаған мың әскерлерінің табаны тиген жер деп түсінген жөн.

Бұл жер А. Левшиннің 1832 жылғы кітабында жазылғандай, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды бас сардар сайлап, арғымаққа мінгізген, болашақ жеңіс үшін ақбоз атты құрбандыққа шалған жер. Дәл осы жерде, қазіргі кезде бірде «Ту төбе», бірде «Бірлік төбесі» деп аталатын Қарауыл төбенің түбінде, билер мен хандардың ақ шатырларының алдында арғыннан шыққан қарт Бөгенбайға жеңіс туын көтерткен еді, дәл осы жерде бір ынтымаққа келгеннен кейін, үш жүздің бірлігі жария етілген болатын [8, 1056].

Сонымен, Ордабасы кездесуі – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ Елінің азаттық қозғалысындағы аса маңызды кезең болды. Онда үш жүздің баласы бір бөтуге келіп, ата жауға қарсы бірлесіп аттануға анттасқан еді. Найзаның ұшын қай жаққа бұру керектігі де шешіледі. Ата жұртты басқыншылардан бірлесіп азат етудің «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі алғашқы аттанысы осылай, 1726 жылдың мамыр айында басталды деуге негіз болады.

1728 жылы қазақ жасақтары Шұбар теңіз көлінің маңында, Бұланты өзенінің жағасында жоңғар әскерлеріне күйрете соққы беріп, жоңғар феодалдарын ауыр жеңіліске ұшыратты. Бұл жеңіс халық бұқарасын жаумен онан әрі күрес жүргізуге жігерлендіре түсті. Келесі 1729 жылы Балкаш көлінің оңтүстігінде жоңғар әскерлерімен тағы да бір үлкен ұрыс болды. Жоңғар жасақтары тағы да үлкен жеңіліске ұшырады, нәтижесінде Кіші жүз бен Орта жүздің территориясының едәуір бөлігі азат етілді.

1727 жылы жоңғар хұнтайшысы Суан Рабдан өліп оның орнына Халдан Церен (1727-1746) таққа отырған тұста Қазақ-жоңғар мемлекетаралық қатынастарындағы шиеленістің жаңа кезеңі басталды. Бір мезгіл күш жинап, 1740 жылдарда жоңғар билеушісі Халдан Церен қазақ жеріне бірнеше рет шапқыншылық жорық жасады. 1740-42 жылдары бір мезгілде олар Есіл, Ырғыз және Елек өзендерінің бойына бұзып-жарып кірді, 1742 жылы Сырдарияның орта саласына бір рет жорық жасалды. Осы жойқын жорықтардың нәтижесінде жоңғар әскерлерінің бір бөлігі Орта жүз, енді бір бөлігі Кіші жүз жеріне келіп кірді-Есін енді жия бастаған қазақ халқының басына қайтадан қара бұлт үйіріле бастады. Ресей империясының қол астына кіріп, бағынуға ант берген Кіші жүздің ханы Әбілқайыр дереу Ресейден әскери көмек сұрады. Бірақ орыс патша өкіметі бұл өтінішке тартымды жауап қайтармады. Тек, қысылтаяң күн туғанда

16. Гражданское движение Казахстана «Азат», из декларации основных целей и принципов» // Горизонт. – 1990. – 8 сентября.

17. Алматы қаласының ОММ, қор 310, Тізбе 1, іс 142.

18. 22 қыркүйек 1992 жылғы Азаттықтарға ашық хат. Х. Қожа-Ахметтің жеке мұрағаты. 1 папка,

19. Қалыбаев Ж., Бекмағанбетов Ж. «Ақиқаттан» «Азатқа» дейін // Жетісу. – 1991. – 9 маусым.

20. Горький вкус сладкого слова «свобода» // Вечерняя Алма-Ата. – 1990. – 8 сентябрь.

21. Смайылов Е., Сәрсенбаев Р. Жаңалығы қайсы? // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 31 шілде.

22. Самойленко А. В очереди за конфликтом // Литературная газета. – 1990. – 5 сентябрь.

23. Тойбазаров Ж. Максатымыз – тәуелсіз қазақ мемлекетін құру. // Халық кеңесі. – 1991. – 21 қыркүйек.

24. Булуктаев Ю.О., Дьяченко С.А., Кармазина Л.И. Политические партии Казахстана. 1998 год. Справочник. – Алматы: 1998.

**Кадралиева Н.А., Курманбаева Д., Кабышев О.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті, Тараз қ.*

## **ЖЕРГЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТҮСІНІГІН НЕГІЗДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі кезеңдегі жер құқығына қатысты әдебиеттерде біздің ойымыз бойынша жер қатынастарының мемлекеттік басқарудың қызметіжәне әдісі ретінде жерді пайдалану мен қорғалу саласындағы мемлекеттік бақылау институтының мәні мен мазмұнына жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп жүрген жоқ. Соған қарамастан, кейбір авторлар жер қатынастары аясындағы мемлекеттік бақылаудың тетіктерінің заңдылықтарын зерттей келе Хаджиев А.Х. «Земельное право Республики Казахстан» атты еңбегінде оған мынандай түсінік береді: «Государственный контроль является одним из давно возникших, структурно устоявшихся и в нормативно-правовом отношении достаточно проработанных институтов регулирования земельных отношений» [1, с 230]. Айтылғанды негіздеу үшін «Еще в советский период действовало специальное Положение о государственном контроле за использованием земель, утвержденное Советом Министров СССР от 14 мая 1970 года» [1, с 230], – деген деректі алға тартады.

керек. Жеке-жеке мемлекет ретінде бір конфедерацияға біріккен Қазақ, Қырғыз, Өзбек, Түрікмен, Қарақалпақ елдері бірте-бірте жақындаса келе Мұстафа Шоқай армандаған Түркістан федерациясына қосылуы мүмкін».

«Өз ұлттын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық белгісі», – деп Б. Момышұлы айтқандай, өз ұлтынан жеріген адамды өзіне қарсы адам ретінде көрген Б. Дәрімбет тек ұлт мүддесін өзгелерден жоғары қоя білді. Ол қандай іс атқарса да ұлттық мүдденің қалыс қалмауын қалады, сондықтан да ұлттың болашағы, кешегісі мен бүгіні жайлы көптеген құнды жазбалар қалдырды. Жоғарыда атап өткеніміздей оны Азат қозғалысының құрамына мүше еткен де ұлтшылдық сезімінің жоғарылығы болатын. Ол ұлтшыл ретінде өз халқын сүйіп, дәріптеп қана қоймай өзгелердің де, жалпы қазақстан халқының мүддесін жоқтай білді.

Біз жұмыстың көлемінің шектеулі болуы себепті Азат қозғалысының жұмысын барынша насихаттап, оның атқарған қызметінің мәнін өзгелерге түсіндіруде көп еңбек еткен үш қайраткердің ғана ұстанымдарына қысқаша тоқталдық. Әрине, өзге де қозғалыс белсенділерінің алға тартқан құқықтық және саяси ой-пікірлері еңбекті жазу барысында басшылыққа алынды, біз олардың әрқайсысына болашақта жекелей тоқталамыз деген ойдамыз. Біздің пайымдауымызша бір-бірімен үндес осы үш ой-пікірлер арқылы қозғалыстың жалпы алған бағыты мен өзге де мүшелерінің ұстанған қағидалары жөнінде ақпарат алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ключевский В.О. Письма, дневники, афоризмы и мысли об истории. – М.: Наука, 1968.
2. Дәрімбет Б. Елу мақала. – Алматы: Өркениет, 2001.
3. Бабалықұлы Ж. Бәрі де Желтоқсан оқиғасынан басталған еді // Азат. – 2006. – 3 тамыз.
4. Есеналиев М. Тек ұлттық мемлекет еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін толық қамтамасыз ете алады // Егемен Қазақстан. – 1992. – 15 тамыз.
5. Есеналиев М. Мақсатымыз – шынайы дербестік // Ақиқат. – 1991, №12.
6. Исиналиев М. Штрихи к портретам. Алматы: Санат, 1999.
7. Исиналиев М. На грани...эпох. Алматы: Ғылым, 1998.
8. Сапарғалиев Ғ. Конституция және ұлттық мемлекет. // Егемен Қазақстан. – 1993. – 12 ақпан.
9. Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
10. Қойгелдиев М. Алашорда // Егемен Қазақстан. – 1992. – 18 қаңтар.
11. Дәрімбет Б. Азат қозғалысы. – Алматы: Өркениет, 2001.
12. Қожа-Ахмет Х. Ереуіл атқа ер салмай. – Астана: Елорда, 2000.
13. Ақатай С. Қазаққа не керек? // Азат. – 1992. №4. – сәуір.
14. Бабалықұлы Ж. Желтоқсан – оқиға емес... // Жас қазақ. 2006. – 19 мамыр.
15. Васильев М. Свобода «для» и свобода «от» // Ленинская смена. – 1990. – 24 июль.

Әбілқайырдың үй-іші және қол астындағы қызметкерлерімен бірге Орынбор бекінісіне келіп паналауына рұқсат берілетіндігін айтты.

Орыс патшасының көмегінен көңілі қалып, түңілген Әбілқайыр хан астыртын жоңғарларға елші жіберіп, олармен елдесуге ұмтылды. Бірақ орыс үкіметі оған жол бермеді. Осы тұрғыдан мұрағат қорында сақталған жоңғар билеушісі Халдан Цереннің (1741 ж. желтоқсан айында) Кіші жүздің ханы Әбілқайырға және оның барлық старшындарына оның қол астына бағынуды талап етіп, жолдаған хатынан үзінді келтіру жөн болады. Бұл жолдаудың мәтінін өзгертпей қысқаша баяндасак, онда былай делінген: «С ордой своей перекочуй, в место, мною указанное. Если будете поступать согласно этому, буду говорить: исполнили по моему указу. Если не сделайте по этому, то разве не будет войны? Как неприятель поступлю я. Наконец говорю я, не упушу Вас. Ты почему осенью велел сказать Манджи: послать сына и аманатов отцов, спокойно буду жить. Разве не говорил».

Қазақ-жоңғар мемлекетаралық қатынастарындағы шиеленістің шырқау кезеңі және жоңғар билеушілерінің қазақ еліне қатысты агрессияшыл пиғылдағы саясатын сипаттайтын фактілерді сол кезеңге қатысты бірқатар қытай құжаттары мен материалдарынан да кездестіруге болады. Мәселен, әскери барлауға қатысы бар бір құжатта былай деп көрсетілген: «Халден Церен прошлого года (с 12 октября по 10 ноября 1730 г.) направил послов в Яркинд, Кашгар, Хотан, чтобы отобрать там 30-тысячи коней, для ведения войны с казахами, что вызвало протест уйгуров во всех этих трех местности».

XVIII ғасырдың 40-жылдарының ортасында жоңғар билеушілерінің арасында туған тақ таласына байланысты қырқыстар жоңғар мемлекетін мейілінше әлсіретіп, ойрат халқын аса ауыр күйзеліске түсірді. Қазақ халқының үш жүзінің басын қосып, үлкен қажыр-қайрат көрсеткен, осы қиын кезеңде саяси сахнаға шығып, қазақ елінің іс жүзіндегі билеушісі ретінде танылып, тізгінді өз қолына алған Абылай хан осы орайды тиімді пайдаланып, жоңғардың ішкі ісіне кигіліп, үкімет билігіне таласып, қырқысқан жоңғар билеушілерінің біресе ол жағын, біресе бұл жағын қолдап, талас-тартыстарды ұшықтырып, оларды әлсірете түсті. Сол арқылы бұрын жоңғарлар тартып әкеткен қазақ жерлерін қайтарып алды. Сондай-ақ, ол, Ертістің жағалауындағы құнарлы қоныстарды алуға да ұмтылды. Бұл оқиғаның мән-жайы қысқаша мынандай еді.

1746 жылы хунтайшы Халдан Церен қайтыс болған соң орнына ұлдарының бірі Цеван Доржы таққа отырды. Көп ұзамай оны өз інісі Лама Доржы өлтіреді. Халдан Цереннің қалған екі ұлы Дабашы мен Әмірсана таққа таласып Лама Доржымен соғысты. Бұл соғыста жеңіліп қалған Дабашы мен Әмірсана Қазақ хандығына қашып келіп, Абылайды паналады. Абылай оларға әскери көмек көрсетті, Дабашыны қолдап, хунтайшының тағына отырғызуға ұмтылды. Бұл жөнінде Қытай тарихи деректерінде былайшы сипатталады: «Нынешней весной (1753 г.) Лама-Доржы направил свои войска к казахам, чтобы покорить Дабашы. Его войска напротив, объединившись с Дабашы заключили союз с казахами, захватили в плен Лама-Доржы. Дабашы провозгласили правителем» [9, с 24].

Бұған мейлінше кектенген Лама-Доржы 1751-53 жылдары Қазақ хандығына қайта шапқыншылық жасады. Абылай бастаған қазақ әскерлері Лама-Доржының әскерімен соғысты. Абылай Дабашыны барынша қолдады, Дорбыттарды барынша күйзелту үшін оған бес мыңнан аса қазақты көмекке жіберді. Шайқасқа қатынасқан қазақ әскерлері көп мал және көп тұтқын түсірді, «ал басқа малдың бәрін Дабашы өзі алды» [9, 316].

1753 жылы Дабашы жеңіп шығып, Лама-Доржыны тағынан тайдырып, хұнтайшы болды. Көп ұзамай Әмірсана өзінің бұрынғы одақтасы Дабашыға қарсы шықты, Абылай Әмірсананы қолдады. Ойрат тайпалары аласапыран жағдайға тап болды. Соғыста Дабашыдан жеңілген Әмірсана Ежен ханға (Қытай билеушісі) қашып кетті. Бұл орайды тиімді пайдаланған қазақ қолбасшылары тұс-тұстан шабуылға шықты, жоңғарлардың Әмірсананы жақтайтындары Абылайға ілесті. Абылай өз жасағымен 1754 жылы қазанда Дабашының әкімшілік орталығы Іле өңіріне дейін жорық жасады, он мыңдай әскерімен Бұратала өңіріне келіп орнықты, бұл арадағы ойрат тайпаларын айдап әкетті. Дабашы әскерлерінің Іле өзенінің аңғарында сақталған астық, торғын-торқа қоймасын басып алды.

1755 жылы ақпан айында қайтадан есін жиып, әскери күш жинаған Дабашы Қазақ Еліне қарсы жорық жасады. Қазақтар да қарсы шабуылға аттанды. Сол жылы (1755) жоңғарды тыныштандыруға шыққан Ежен ханның әскерлері Дабашы жасағын толық талқандап, өзін қолға түсірді. Бірақ бұл әскерлерді бастап келген Әмірсана Цинь империясына қарсы бүлік тудыруға кірісіп, қазақ хандығына қашты. Ежен ханның әскерлері бұл бүлікті тыныштандыруға аттанды. 1757 жылы жоңғарларды тыныштандыру аяқталды, жоңғар әскерлерінің қалдықтары біршама талқандалып, нәтижесінде 120 жылдан астам уақыт бойы Қазақ мемлекетіне қарсы соғысқұмарлық саясат жүргізген, халқымыздың басына небір зобалаң туғызып, қайғы-қасірет әкелген жоңғар мемлекетінің саяси сахнасындағы тарихи дамуы аяқталды. Бұған қазақтың ұлы хандарының бірі – Абылай аса зор үлес қосты.

Тарихи кайраткердің халық мойындаған қаһарман дәрежесіне көтерілуінің өзіндік терең заңдылықтары бар. Өйткені, мемлекет басшысының қандай да болмасын жоғарғы парасаты, адамшылық келбеті, ел басқару ісіндегі қалдырған қолтаңбасы қарапайым халықтың қырағы көзінен қағыс қалмайды. Осы тұрғыдан, «көптің көзі тінтуші деген нақыл сөзде растық бар. Бұқара халық ел басшысының ісіндегі шын халықтық мүддеге негізделген әрекеттерді де, жалғандықты да қапысыз таниды. Өз басына ақылы мен айласы жетерлік қаншама хандар мен сұлтандардың арасынан халық пікірі Абылайды ерекше бөлек орынға қоюы, оның қасиетін дәріптеп, көкке көтеруі кездейсоқ нәрсе емес. Ол Абылайдың барлық ақыл-парасатын, қабілетін қазақ халқының өсіп-өркендеуіне азаттығы жолындағы күресіне жұмсағандығына байланысты. Халық үшін еңбек етемін деп айтпайтын, осылай деп өзін-өзі сендіргісі келмейтін басшы болмайды. Өкінішке орай, кей-кездері олардың ісі мен сөзі алшақ кетіп жатады. Елдің түпкілікті мүдделерін жиі ұұмытып кететін, күллі әрекеті жеке

қазақ зиялылары» атты ғылыми конференцияда жасаған баяндамасында ол осы жайды ашына баяндайды, «Советтік 70 жылдық дәуір Түркістан халқын біртұтас совет халқына айналдыра алмаса да, оның түркістандық тұтастығына сызат түсірді. Жаңа тәуелсіз Түркістан мемлекеттерінің басшылары осы сызаттың орнын бітеу үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымақты жұмыс істеп жатыр деп ойлауға бола ма? Қазірдің өзінде осы бес мемлекеттің мүддесі бір-бірімен қабыспай жатыр. Мысалға, Тәжікстанның Түркістан деген сөздің өзінен үрейі ұшады. Түрікшілдік пікір оларға түрпідей тиеді. Ал қалған төрт мемлекеттің де бірлігі байқалмайды. Түрікменстан Иранға ыңғайлануда. Қазақстан мен Қырғызстан бұрынғысынша Ресей шылауында кетіп барады. Оңтүстік саясат ұстауға тырысқан Өзбекстан болса, Қазақстан, Қырғызстанмен бірігіп құрған Орталық Азия Одағына салқын қабақ танытуда. Ал Шығыс Түркістанның азаттық алуы әзір күн тәртібіне қойылған да жоқ.

Осының бәрі Түркістан тәуелсіздігімен қауышқан алғашқы жылдардың өзінде-ақ айтыла бастаған Түркістан конфедерациясы, Түркістан Одағы деген идеялардың жүзеге аспай қалуына әкеп соқты» [24, 149 б.]. Туысқан халықтардың бір-бірімен жақындасып, өзара түсінісу арқылы ғана ортақ мәмілеге келуі үшін оларда ортақ мақсат болуы қажет. Осы ортақ мақсатты әрқайсысының жадына жеткізу үшін жалпыға ортақ идея керек. Сондықтан түркі тілдес мемлекеттердің бірігуінің негізі оларға арналып жасалатын жалпы бағдарлама екендігіне көз жеткізген Б. Дәрімбет 28 тамыз 1997 жылы Измирде өткен Түрік халықтары ассамблеясының 4-ші құрылтайында жалпы түркі халықтарының басын біріктіру үшін арнаулы бағдарлама жасау қажеттігін мәселе ретінде көтереді. Ол сол кезеңге дейін атқарылған жұмыстардың біртұтас идеологияға, ұлы идеяға негізделмегендіктен жақсы нәтиже бере қоймағандығын, тәуелсіз жеті түрік мемлекетінің әрқайсысының өз жолымен жүріп келе жатқандығын қынжылыспен ортаға салады. Сонымен қатар Кеңес империясының бодандығынан босаған мемлекеттердегі үкімет ескі коммунистердің қолында қалғандықтан жартылай космополиттік саясат ұстанатындығын, тіпті, кеңес үкіметі кезіндегіге қарағанда батыс ықпалы күшейіп кеткендігін де жасырмайды және өз ойын келесідей бағытта жалғастырады: «Түрік халықтарындай бір-біріне етене жақын жер бетінде бірде-бір ұлт жоқ. Тіл бірлігі, табиғатты түсіну бірлігі айқын көрінеді. Осының бәрін ескере отырып, Түрік Дүниесінің түрікшіл қоғамдары мен саяси партиялары, діни және экономикалық бірлестіктері, түрлі қорлар мен жастар ұйымдары өкілдерінің басын қосып үлкен бағдарлама жасау қажеттігі туып отыр». Түркі мемлекеттерінің одағының жақтаушысы болғандықтан жалпы Қазақ мемлекетінің өз мемлекеттілігін нығайтып, тәуелсіздігін баянды етуінің ең тиімді жолын Б. Дәрімбет оның түбі бір түркі мемлекеттерімен одақтасуынан көреді. Сондықтан ол осы мемлекеттердің бір-бірімен жақындасуының бірегей жолы рухани жақындасу екендігін атап көрсетеді. Оның ойынша, «Рухани саладағы бауырластық міндетті түрде мемлекеттердің де жақындасуын қамтамасыз етеді. Бұл саладағы бірлік тарихы Түркістан конфедерациясының құрылуынан басталса

соларға негізделген үкімет бағдарламасы мен ішкі және сыртқы саясаты баянды болып, тұрақтылық пен өзара түсінісуге жеткізеді. Оппозицияның бар болғанына қуанған жөн, өйткені ол қоғамның демократия жолына икемделе бастағаны. Ешбір партияның керегі жоқ, жалғыз патша мен жалғыз үкімет керек, соның сара жолымен жүре береміз деген жағымпаздар әр уақытта да табылады. Бұл болашақ тәуелсіз демократиялық Қазақстанның жаулары, бізді жақсы, жарық күндерге жібергісі келмейтін шөңгелер мен шеңгелдер» деп өз ұстанымының нық екендігін білдіреді («Азат», 1992, №5).

Өзге де ұлт жанашырлары секілді Б. Дәрімбетті де қай кезде де қазақ халқының ауыр халдегі рухани және әлеуметтік ахуалы қатты толғандырған еді. Бұл турасындағы мәселелер Азат қозғалысының бағдарламасында нақты орын алған болатын және Азаттықтар ұлт мәселелерін әр кезде де күн тәртібінен түсірген жоқ. Тоз-тозы шығып, экологиялық апатты аймақтарға айналған өңірлерде өмір сүріп жатқан халқымыздың жағдайы да өз кезегінде ұлтжанды азаматты толғандырды, ол осынау азып-тозған аумақтағы халықтың да мемлекет тарапынан нақты батыл қадамдар жасалып, дер кезінде қамқорлық көрсетілмесе, күйрейтініне қынжылыс білдірді. Арал төңірегіндегі мәселелер жайлы «Аралға су керек» деген мақаласында, «Аралға тек қана су керек. Аралға су толса, барлық қайғы-қасірет бір күнгідей болмас еді. Қайран Арал қалпына келсе, қазақтың береке-құты қайта оралар еді-ау!» деп толғана келіп, «Аралға су керек! Туысқан өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен мемлекеттерінің басшыларымен қатаң сөйлесетін кез жетті. Олардың халқы судың, селдің, тасқынның астында қалып, судан жапа шегуде. Ал Арал жұрты ауыз суға зар болып отыр. Ғасырлар бойы Сырдың суын тел емген туысқан халықтар жаңа шешімге келіп, оның нәрін тең пайдалануға тиіс. Бұл бағытта үкімет пәрменді саясат жүргізіп қазақ халқының құқығын қорғауға тиіс», деп өз ойын тұжырымдайды. Ал «Ұлттық дағдарыстан қалай шығамыз?» деген мақаласында автор қазақ ұлтының басындағы ауыр халді тілге тиек етеді. Ол мақалада сандаған жылдар армандаған тәуелсіздікке қол жеткізілгенімен қазақ ұлтының ұлт ретінде дамудың орнына кері кетіп бара жатқаны, қазақ тілінің өз тұғырына қона алмауы, жоқшылық пен жалаңаштық салдарынан қазақ ұлтының өз рухани тіректерінен айрылуы, ислам дінінің де өз қауқарының кетуі қазақ халқының жер бетінен жойылу қаупін тудырып отырғанына қынжылады және осы салдарды болдырмау жолдарын ұсынады. Сонымен қатар, мәселенің шешілуінің бірегей жолы парламенттік республика екендігін алдыға тартады. Дегенмен автордың парламенттік республикаға сенім артуы, оның республиканың ұлттық құрамына және азаматтардың қазақи рухының төмендігіне мән бермеуінен екендігін ескерте кеткен жөн болар.

Біртұтас Түркістан мемлекетін құруды армандаған М. Шоқай идеяларына негіздей отырып Б. Дәрімбет те жалпы түркі халықтарының бірігу идеясының жақтаушысы болды. Одақтан тәуелсіздік алып іргесін бөлек салған туысқан түркі тілдес бес мемлекеттің бірігуінен гөрі алшақтауы басым болып бара жатқан тұста Алматыда 20 желтоқсан 1996 жылы өткен «Мұстафа Шоқай және шетелдердегі

мансабын, билігін сақтауға ғана бағытталған ел басқарушы ағаларының дақырты ұзаққа бармайтыны белгілі. Ал, Абылай хан халықтың шын перзенті екенін сан-алуан істер үстінде, өз халқының болашағы үшін жүргізген қиын-қыстау күресте ұзақ жылдар бойы дәлелдей алғандықтан, өз халқының ыстық ықыласына бөленіп, қазақ мемлекетінің тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға ретінде көрінді.

Абылайдың Ресей мен Қытай сынды ірі империялар арасында икемді саясат қолданып, қазақ мемлекеттігінің өмір сүруінің ең күрделі, әрі қиын кезеңіндегі тұтастығы мен тәуелсіздігін ұстап тұруға жұмылдырылған қажыр-қайратын ерекше бағалауға болады. Оның қытай, орыс патшаларына «бағыныштылық» көрсетіп, олардың сеніміне ие болуы, сөйтіп өз халқының тыныштығы мен азаттығын қорғай білуі арзан жалтылдақ саясат емес, оның өмірлік арманына айналған ізгі мұратымен ұштасып жатқан көрегендік құбылыс еді. Осы тұрғыдан қазақ ханы Абылай бірыңғай пысықтық жолына түсіп, өзінің тұлғасын мүлде жоғалтып алған емес, ол керісінше, жауларымен тіресетін жерде тірескен, сіресетін жерде сірескен айла мен айбатты кезек қолданған алғыр саясаткер де болды. Бір мықтының қаһарына ұшырап қалмайын деп, әркімнің аузына қарап, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жорғалай беру Абылайға мүлде жат еді. Оның дәлелі – қалмақтың тұтқынында болған кездерінде де өзінің өрлік қасиетін жықпай, өз халқының қадір-қасиетін төмендетпей, қаһарлы дұшпанын өзімен де «терезесі тең» сөйлесе білуі Абылайдың қадірін, беделін одан да биікке көтергені белгілі.

Өз жұртын ойрат ойранынан, Ресей мен Қытай қыспағынан, Қоқан, Хиуа хандарының жұтынған іс-әрекетінен қорғаймын деп «жарғақ құлағы жастыққа тимеген; бір басына қолбасшылық, қайраткерлік, мәмілегерлік (дипломаттық), шешендік, даналық дарыған сирек тұлғаның қазақ сынды бытыраңқы елді біріктіріп, айбынды мемлекет жасаймын деген арманы толық жүзеге аспауының объективтік себептері де жеткілікті. Осындай жағдайларды ескергенде Абылайдың өз кезінде ұлы әрекеттерге барып, халқы үшін жан аямай қызмет етіп, көн игілікті істерді тындырып үлгергені қазақ мемлекеттігі тарихынан мәңгі өшпейтін қасиетті құбылыс деп санаймыз.

Қазақ-қытай қатынастары. Қытай Елінің түрік тектес көшпелі тайпалармен арадағы саяси-экономикалық, сауда тұрғысындағы қарым-қатынастары ежелгі замандағы тарих қойнауынан бастау алады десек қателеспейміз. Көшпелі ғұн империясының қалыптасып, нығайып, барынша күшейіп, саяси үстемдікке ие болған кезеңде қытай үкіметі ғұн билеушілерінің талабы немесе өтініші бойынша шекара шебіндегі сауда-саттық орындарын ашуға мәжбүр болады. Бұл саясаттың екінші мақсаты – ғұн тайпаларының тарапынан мүмкін болатын жойқын шабуылды осындай жолмен бәсеңдетіп, тұрақтылыққа қол жеткізіп, өз мемлекетінің ішкі-сыртқы қауіпсіздігін нығайту еді. Ғұн тайпалары- бұл сауда нүктелерінің мән-маңызын жоғары бағалап, тіпті соғыс қимылдары кезінде де сауда-саттық толастаған жоқ. Қытай билеушілері өз кезегінде бұл сауда орындарын өздерінің соғыс мақсатына пайдаланып, ғұндарға қарсы шабуыл

ұйымдастыру үшін платцдарм ретінде пайдаланды. Бұл сауда орындарындағы алыс-берістің негізгі шарттары жөнінде ежелгі қытай деректерінде ешнәрсе айтылмаған. Мұндай деректер тек орта ғасырлар кезеңіндегі жәдігерлерде көрсетілген. Мәселен, Н.Я. Бичуриннің зерттеулерінде Қытай өкіметі 758 жылы «көшпенділерден айырбас үшін алынатын әр жылқының басына қырық бөлік жібек мата төлеуге міндеттенгенін» көрсетеді [9, с 62].

Сонымен, Қытай елінің көрші көшпенді халықтармен жылқы түлігімен бағаланатын айырбас саудасының көп ғасырлық тарихи бар және ол берік қалыптасқан дәстүрлер негізінде анықталып отырды. Мәселен, көшпенділер күшейіп тұрған кезде Қытай жағы мүмкін болатын шабуылдан өз шекарасының қауіпсіздігін қорғау мақсатын көздей отырып, әр жылқының айырбас наркын жоғарғы бағамен төлеуге келісіп отырды. Ал 1407 жылдан бастап Қытай өкіметі шекараларын қорғап, нығайту мақсатында көшпенділердің кейбір жеке топтарын өз жақтарына тарту саясатын басшылыққа ала отырып, мұндай жеңілдік бағаларды ешкімнің қысымынсыз дербес белгілеп отырды. Жылқы түлігінен басқа сауданын объектісі ретінде бағалы бұлғын терілері түріндегі аңшылық өнім түрлері де болды.

Жалпы, Қытай мемлекетінің халқы көшпенділермен тұрақты сауда байланысын ұстап тұруға мүдделі болды және мұндай мүддені қытай өкіметі ескеріп отыруға тиісті болды. Өйткені, көшпенділермен сауда қатынасының тиімділігі анық көрініп тұрды, бұдан көп уақыт бойы көпестер пайда түсіріп отырды, XIV ғасырдың соңында мемлекет тарапынан саудаға монополия орнаған кезде бұл пайданың табыс көзі мемлекет қазынасына түсіп отырды.

1506 жылғы басылған ресми құжаттан пайымдайтынымыз – көшпенділермен арадағы рынок уақытша жабылғаннан кейін, жаңадан заң қабылданып, көрші көшпенді тайпалармен екі арадағы айырбас саудасын қайта жалғастыруға шешімі алынғанын байқаймыз. Мұндай сауда нүктелері шекара аймағында жылына үш рет ашылып отыруға тиісті болды. Көшпенділер өз тарапынан шекаралық сауда орындарына жылқы, сиыр, тері алтын, күміс әкеліп, Қытай көпестерінсн айырбас негізінде жібек, ыдыс-аяқтар, бояулар алып отырды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ-қытай қатынастарының қалыптасу, даму барысын қысқаша түйіндесек, Қытай империясы тарапынан қазақ даласын басып алып, өзіне қарату ниеті болмады. Өйткені, сол кезде қазақ хандықтары қытай мемлекетінің арасындағы қатынастар баяу қарқынмен дамып, эпизоттық сипатта болды. Ұзаққа созылған қазақ-жоңғар соғысы тұсында Цинь империясының тікелей ат салысуымен олар талқандалғаннан кейін де Қытайдың әскери басшылары қазақ хандарын өздерінің жағына тартуға бірнеше рет ұмтылыс жасады. Осы жөнінде Францияның Шанхай қаласындағы бас консулдығының өкілі Имбо-Юарт (1881 ж.). Қазақ-қытай қатынастары жөнінде деректер жариялады. Бұл жәдігерлерде қазақ ханы Абылайдың Қытай императорымен келіссөздер жүргізіп, оның билігін мойындағанын, императордың бұл ұсынысты қабылдап, бірнеше рет екі жақты елшілер алмасқандығы айтылады. Қытай елшілерінің деректерінде

идеяларымен астасып жатқан ойлары мен көзқарастары жөнінде сөз қозғауды жөн көрдік. Сол кездегі «Азат» газетінің редакторы қызметін атқарған Б.Дәрімбеттің алдында тұрған негізгі мақсат қозғалыстың тыныс-тіршілігімен халықты таныстыру болатын, сондықтан да газет жабылғанға дейінгі уақытта мұнда көбіне халықтың өз арасындағы қозғалыс өкілдерінің шындыққа толы мақалалары, қозғалыс төрағаларының баяндамалары, үндеулер сияқты уақыт талабына сай материалдар жарияланып тұрды. Қозғалыс өз жұмысын бастаған алғашқы құрылтайда оның жарғысы, бағдарламасы және Егемендік туралы декларацияның жобасы көпшілік талқылауымен қабылданып тиісті органдарға жіберілген еді. Осы қозғалыс бағдарламасында қазақ ұлтының жай-күйіне ерекше тоқталу қозғалысқа ұлтшылдық сипат беруге негіз болғаны да жасырын емес. Осы тұрасында Б. Дәрімбет «Тәуелсіздік жолындағы күрес жалғаса бермек» деген мақаласында ашына баяндап, Азаттың мақсаттарының өзге ұлт өкілдерінің мүдделеріне қайшы келмейтіндігін алдыға тартады. Сондай-ақ, кез болып отырған кедергілер мен түсініспеушіліктерге қарамастан Азат қозғалысының Қазақстанның толық тәуелсіздігіне қол жеткізу және республиканың біржолата демократия жолына түсуі жолында өзінің күш-жігерін аямайтындығына тоқталды («Азат», 1992, №1.). Автордың еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі толық тәуелсіздікке қол жеткізу тұрасында айтылған ойларының жалғасын келесі бір мақаласынан табуға болады. «Тәуелсіздік алғанымызға бір жылдан астам уақыт өтті. Бірақ, шын мәніндегі тәуелсіздікті алу үшін әлі талай жылдар өтетіні ақиқат. Сол күнді жақындату бәріміздің борышымыз. Бірақ, осы күннен бастап баршамыздың да көкейімізде мына бір ой басты орын алуға тиіс секілді: Болашақ тәуелсіз мемлекетіміз қандай болуы керек?» дей келе, сол уақыттағы мемлекеттегі биліктің сипатына тоқталып, өз ойларын толғана ортаға салады. Ол тәуелсіздігіміздің де, тұтастығымыздың да нығайтуының бірден-бір жолы демократия екендігін, демократиядан сырт айнарудың келешек ұрпақ алдында кешірілмес күнә болатындығын ескертеді. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік жолындағы күреске өзінің үнін қосқан Азат қозғалысы тәуелсіздік жағдайында өзінің туына «Демократия» сөзін бірінші ғып жазып отыр. Бірнеше айларға созылған ізденіс, айтыс-тартыстан соң демократия жолы дұрыс дегендер өзара топтасып, Азаттың жаңа тарихи белеске көтерілуіне жағдай жасады», дей келе ендігі жерде Азаттың өз жұмысын демократия жолында жалғастыратындығын, сонымен қатар өкіметке оппозициялық бағытта болатындығын айта келіп, сол оппозицияның шынайы сипатына тоқталады («Азат», 1993, №1). Әрине, жетпіс жыл бойы тек қана бір партиялық жүйе басқаруында болған қоғам үшін оппозицияның мәнін түсіндіру оңай шаруа емес еді, сонымен қатар оппозицияға қарсы көзқарастардың көптеп баспасөзде жариялануы да сол кездегі қоғам үшін заңды құбылыс еді. Оппозиция тұрасында теріс пікірге қарсы болған ол оппозицияға қарсы топтарға «Стратегия мен тактика» атты мақаласында «Оппозицияның болуы және оның неғұрлым күшті болуы – демократияның басты кепілі. Қоғамдағы әр түрлі пікірлер есептеліп,

сондықтан да ол ұлт мүддесі үшін мемлекеттік билік жіберген қателіктерге кешіріммен қарауды жақтады [23, 144 б.].

Қазақстанның ғылымына сүбелі үлес қосқан ғалым, үлкен саясаткер С. Ақатайдың артында мол мұра қалды, оны ғылыми зерделеу бүгінгі күннің еншісінде. Еліміздегі саяси-құқықтық ойдың дамуына, «Алаш» партиясының ізбасары болып, қазақ халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаушы бола білген Азат азаматтық қозғалысының өмірге келуіне және өркендеуіне мол үлес қосқан ұлтшыл азаматтың есімінің өз халқының тарихында мәңгілікке қалатыны анық. Ұлт бірлігін ойлаған ойшыл жайлы сөзді оның қазағына арнаған өсиет сөздерімен аяқтауды жөн көрдік. «Қазағым халқым! Ана тілінді құдірет тұт. Өз ана тілін білмеген қазаққа құрмет көрсетпе, қызмет ұсынба. Малға жібер, үйренсін! Рушылдық – ұлттық бірлесуге көлденең тұрған індет. Мұнымен белдес. Атаңның баласы ғана болып қалып, өзінді өзін кемсітпе. Ұлттың ұлы болып мерейінді үстемдет. Қазақ жасы! Алыстан тоят ізде. Ауыл маңында қалып қалма. Өнер, білім қу. Жаман әдеттен бойынды таза ұста. Қазақ әйелі! Бала тап, көп індеттен құтыласың. Қашқан берекең қайта келеді. Ана тілінді балаңа сүтіңмен сіндір. Қазақ ұлығы! Жерімізде қару-жарақ өндіртпе. Әлемге қазақ ұлтының бар екендігімен санастыру жолын тап. Ұлт мәселесін алға қой. Ұлт байлығы – сенің бақытты өміріңнің де кепілі. Зиялылардың сөзіне құлақ түр. Аты мен аруағын тұт, сөзін құрметте. Ол – сенің алтын қазығың. Әділет жолын іздестіруден тынба».

Азаттық, тәуелсіздікті ту етіп көтеріп, жаңа қалыптасуға тиісті мемлекеттің ұлттық мемлекет болуын жақтаған қозғалыс қатарына негізінен ұлтжанды азаматтар біріккен болатын. Солардың ішінде сол уақытқа дейін де қазақтың ұлтшыл азаматтарының, әсіресе, М. Жұмабаев шығармашылығының қыр-сырын халыққа таныстырып, насихаттау жұмыстарымен айналысып жүрген, ұлт мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қоя білетін азаматтар қатарынан Батырхан Дәрмбет те табылған еді. Оның өзі де бұл турасында «Қазақ елінің басқалармен терезесі тең, тәуелсіз ел болғанын, азаматтардың теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ете алатын дербес мемлекет болып қалыптасуын қалайтын азаматтар «Азат» құрамына кірді. Мен де бірінші күннен бастап «Азат» сапында болдым. Өмірімнің ең мағыналы күндері «Азат» пәрменді күрес жүргізген кезеңде өтті», деп өз өміріндегі Азат қозғалысының атқарған орнын әділ атап өткен еді [15, 124 б.]. Б. Дәрмбет ұлттық мемлекеттіліктің, қоғамды демократияландырудың, қазақ ұлтының ұлттық санасының көтерілуінің және ұлтқа қатысты жасалған қысастықтардың нәтижесінде жоғалтқандарымыздың қалпына келтірілуінің, сондай-ақ жалпы түркі халықтарының бірлігінің жаршысы болды. Ол журналист ретінде өмірінің соңына дейін әр кезеңде, әр түрлі басылым беттерінде жариялаған мақалаларында осы мәселелерді қаперден шығарған жоқ. Әрине, Б. Дәрмбет секілді қайсар да ұшқыр қаламды журналист, халыққа танымал саясаткердің жалпы ой-пікірлерін зерттеу жұмысының бір бөлімі шегінде талқылау мүмкін емес, сондықтан біз оның Азат қозғалысының халыққа ұсынған

негізінен қазақ даласының жалпы сипаттамасы, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр ерекшеліктері баяндалған. Қытай жағының ең басты талаптарының бірі – қазақтармен сауда-саттық қарым-қатынасын барынша дамытып жолға қою болды. Алайда, қазақ хандықтарына Қытайға қарағанда, Ресейдің жақын орналасуы, түптеп келгенде қазақ хандарының саясатында әрі көршілес, әрі Ресей мемлекетінің жағына шығып, оның қол астында тура бағытталған іс-әрекетке баруға мәжбүр етті. Өйткені, бұл хандығымен көршілес оны қоршап тұрған үш мемлекеттің қазіргі қуаты жағынан, даму деңгейі жағынан ең жоғары ресей империясы болды. XVIII ғасырдың соңында XIX ғасырдың басында Ресей империясы өзінің басқыншылық, отаршылдық саясатын барынша күшейте отырып қазақ хандықтарына, Орта Азияға, тіпті Қытайдың өзіне қауіп төндіре бастады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
2. Патрония // Журнал «Большевик» – М., 1945.
3. Остафьев В.А. Колонизация степных областей в связи вопросам о кочевом хозяйстве СООРГО Кн. ХУІІІ. Вып. 2., Омск, 1885.
4. Косвен М.О. Семейная община и патрония. – М.: Наука, 1964.
5. Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // 6. Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы // Қазақтың Ата Зандары. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2.
7. Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине XIX века. – Алма-Ата. – 1958.
8. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
9. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под ред. М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996.

**Кадралиева Н.А., Курманбаева Д., Ахметов Д.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті, Тараз қ.*

#### **АЗАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

Азат қозғалысы тек аз уақытта өмірге келген ой-пікірлердің жиынтығының жемісі деу үлкен қателік болар еді. Алдыңғы тарауда қарастырылған жайлар оның өмірге келуінің алғышарттары болған болатын. Қаншама ұлттың санасынан оның ұлттық қасиеттерін өшіруге бағытталған жұмыстар жүргізілгенмен, ұлттан шыққан ойлай білетін жекелеген азаматтар жасырын түрде ұлттың ұлттығын сақтау жолында қызметтерін жалғастыра берді. Оның жарқын мысалы 1960

жылдары Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастары құрған «Жас тұлпар» ұйымы еді. Алдыңғы тарауларда атап өткеніміздей, мемлекет қанша қудалауға түсіргенімен демократиялық бағыттағы саяси-құқықтық ой-пікірлер баяу болса да өз алдына дами берді. Соның нәтижесінде жаңашыл бағыттағы саяси ұйымдар құрылып, өз қызметтерін атқара бастады. Келесі көзқарасқа сүйенсек, Қазақстандағы партиялық жүйе 80-ші жылдардың екінші жартысында КПСС-ке балама бейресми ұйымдардың пайда болуымен қалыптаса бастады. Олардың кейбірі қысқа мерзімде өмір сүргенімен, солар ғана болашақ көппартиялылықтың басында тұрды. Олардың қатарында «Азат», «Ақиқат», «Инициатива», «Перестройка», «Желтоқсан», «Жерұйық» сияқты ұйымдар, клубтар, қозғалыстар және «Алаш», «Қазақстанның социал-демократиялық партиясы», «Қазақстанның Халық Конгресі» партиялары болды [1, 64 б.]. Осынау әртүрлі нысанда құрылған саяси ұйымдардың ішінде халық тарапынан үлкен қолдауға ие бола алған Қазақстанның азаматтық Азат қозғалысының құрылу тарихы жөнінде мәліметті Жетісу газетінің бірнеше санында жарық көрген тәуелсіздік жылдарындағы саяси ұйымдар жөнінде жазылған «Ақиқаттан Азатқа дейін» деген тақырыптағы сараптау мақаласынан табуға болады. Онда авторлар «Қазақстанның Азат азаматтық қозғалысының дүниеге келуіне себепкер болған азаматтың бірі – Сәбетқазы Ақатаев, тарих ғылымының кандидаты, публицист-жазушы, алпысыншы жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезінде, бүгінде белгілі сыншы М. Әуезов, демограф М. Тәтімов, суретші-шебер Қ. Тілеуханов және т.б. қазақ жастарымен бірге «Жас тұлпар» ұйымын құрып, ұлттық сана-сезімді ояту жолында елеулі еңбек еткен жан. Былтыр көктемде «Әділет» партиясын құрмақ ниетпен, оның мақсат-мүддесі жазылған бір парақ хабарландыруды таратып жүрген Сәбене миығынан күліп қараған адамдар аз болған жоқ. Сол парақшада болашақ Азат қозғалысының нобайы бар-тын» деп С. Ақатайдың қозғалыстың құрылуына мұрындық болғандығы жайлы баяндай келе одан өзге құрылтайшылар туралы М. Есеналиевтің «Әуелде біз аптасына бір рет Көркемсурет және театр үйінің алдындағы саябақта кездесіп тұрдық, мәжіліске С. Ақатаев, М. Шорманов, К. Ормантаев, Н. Қойшыбеков және т.б. кісілер белсенді түрде қатысатын» деген пікірін келтіреді [2, 2 47 б.]. Дәл осы істердің ұйытқысы бола білген С. Ақатай 1986 жылғы оқиғалардан соң осы оқиға жайлы нақты ақпараттарды дүниежүзі халықтарына жеткізу жолында қызмет атқара бастады. Этнограф-ғалым Ж. Бабалықовпен бірігіп жасырын «Қайрат» ұйымының атынан хат жазып, онда барлық «Желтоқсан оқиғасына» қатысты шындықты бұлтартпай баяндап, Қазақстанға келген шет елдік азаматтар арқылы хаттың фотонұсқасын таратқан. Бұл турасында Ж. Бабалықов «Хатты Сәбетқазы дайындады. Хатты дайындап болған кезде Венгриядан Иштван Қоңыр Мандоки деген азамат келді. Біз хатты соған табыс еттік. Одан бұрын біз хатты Африкаға және Қытайға жіберген едік. Олардан еш жауап болған жоқ. Сол Қоңыр өз елінде жариялаған соң, Чехияда да жарияланды. Кейіннен Америкаға да жіберілді. Хаттар шет елдерде жарияланған соң біздер өзімізді үлкен іс тындырғандай

ұлттың ядросы екендігін, сондықтан ұлтшыл адамнан қорықпай, оны ұлтшылдығы үшін құрметтеу қажеттігін, сондай-ақ мемлекеттің тетігін ұстаушы азаматтардың бойында, ең құрығанда, ұлтжандылықтың ұшқыны болуы қажеттігін алға тартады. «Біздей көнбіс халықтың отаршылдыққа қарсы қойылатын ұлтшылдықтан өзге қаруы да жоқ. Ұлтшыл болмағандықтан – жерден айрылды. Ұлтшыл болмағандықтан – Еділ мен Ертістен, Іле мен Есілден айрылды. Енді елден айырамыз деп қоқандайды қара орыс. Сонда ұлтшылдықтан басқа бізде не қалды? Демек, отаршылдық үдеген сайын ұлтшылдық та дәуірлей түсіп, отаршылдық бәсеңсесе – ұлтшылдық та бәсеңсіп отыруы заңды. Ұлтшылдықты қоздырушы күш – отаршылдық. Ұлтшылдық өздігінен өзі тумады. Оның себебі бар. Отаршылдық қысымның кез-келген түрі кездесе беретін Қазақстанда ұлтшылдық бар, бола береді, бола беруге де тиісті.

Мәселенің саяси қатпары «көпұлтты» Қазақстанда қай ұлт өзінің саяси билігін қамтамасыз етеді, қысқаша айтқанда, «Қазақстан кімдікі?» – осыған саяды. Президентіміз: «Қазақстан – қазақстандықтардікі» дейді. Біз айтамыз: «Жоқ, қазақтікі, бірақ басқа ұлт өкілдері тұрғысы келсе тұра берсін – оларға кет те, кел де демейміз». Әрине, келімсектердің рұхсатсыз келмегенін қалар едік. Мұндай сөзді Ресей де, АҚШ та өз келімсектеріне жасырмай айтады. Ал біз айтпайтындай не көрініпті. Ұлтымыздың тәуелсіздігі мен бірлігінің символы болып саналатын президентіміздің басқа көршілес елдің басшысының тізгінінде кетіп, ізбасар інісі болғаны намысымызға тиеді, қазақтың ұйықтап жатқан ұлтшылдық сезімін қоздыра түседі. Ұлтжандылықты Қазақстанның тағына президентіміздің шапан жамылып, қамшы ұстағанынан емес, оның күнделікті саясатынан бағамдап отырсақ дейміз». Ескере кететін бір жайт, С. Ақатай Азат қозғалысының да, осы аттас республикалық партияның да ашық оппозициялық бағыт ұстанбауын қалады, дегенмен билікке өз ескертулерін жасау арқылы, ықпал етуді көздеді. Дәл осы ұстанымына байланысты Азат қозғалысының 1992 жылғы 17-24 маусым арасында өткен республикалық наразылық акциясы барысында С. Ақатай қозғалыстың республика басшылығына қойған талаптарына қарсы шықты және осы әрекеті үшін қозғалыстың өзге басшыларымен ортақ мәмілеге келе алмады. Бұл өз кезегінде қозғалыстың ыдырауына және оның басшылары арасындағы үлкен дауға әкеліп соқтырды. Осыдан кейін «Азат» газетінде КРП 1 съезінің Сәбетқазы Ақатай жөніндегі мәлімдемесі жарияланды. Онда С. Ақатайдың саясаткер ретіндегі мінезіндегі кемшіліктер мен саяси бағытындағы қарама-қайшылықтарға кеңінен тоқталып, оның парламенттік саяси партияның жетекшілігіне лайық еместігі мәлімделді («Азат» 1992, қазан, №14. 2 б.). Кейінірек осы газет бетінде Х. Қожа-Ахметтің «Қазақстан Республикалық партиясының бұрынғы төрағасы Сәбетқазы Ақатайға Ашық хаты» жарияланды («Азат», 1992, желтоқсан, №18. 3 б.). Әрине, біздер аталған материалдардағы мәселелер арқылы С. Ақатайға қандайда бір сипаттама беруден аулақпыз, дегенмен орын алған жайды ескермей кетуге де болмайды. Әр саясаткердің ұстанған қағидасы болады, сол секілді С. Ақатайдың ұстанған қағидасы қазақ ұлтының жетістіктерге жетуі болды,

«бұратаналарды», мысалы, антын бұза отырып, балтық елдерін «тыныштандыруға» пайдаланады? Неліктен біздер, қазақтар, өз жерімізде басқа жақтан келген «конақтардан» әлдеқайда аз болып шықтық. Неліктен қазақ жастары өз жерінде отырып, «орыс тілдес тұрғындардың» үйінің бір қуысында қысылып-қымтырылып өмір сүреді? Неліктен? Неліктен біздің, яғни, бұратана халықтардың, өздеріне үш жүз жылдан бері тәуелді етіп қойған құдайдан да күштірек мырзаларымыз бар?

Орыстың озық зиялыларының өкілдері! Тағдырлас, тауқыметтес азаматтар! Диктатура мен империяны көксеп, бет пердесін сыпырып тастаған шовинистердің секеңдеуіне қарсы көшелі демократиялық қозғалысқа бірігіңдер! Өз туған халқыңыздың абыройы мен мерейін аяққа баспаңыздар, ұлтыңыздың өздеріңіз үшін қасиетті есімін бүгінгі және болашақтағы «бұратаналар» ұрпағының қарғысынан сақтаңыздар! Ұраншыл шовинистердің іс-әрекетіне тойтарыс беруге шығыңыздар! Конституцияны қабылдайтын да, қабылдамайтын да тек қана халық! Әскер емес.

Өзінің ұлтшыл екендігін мақтан етіп, ол жайлы жасырмай айтып, ұлтшылдықтың мәнін түсіндіруден жалықпаған С. Ақатай бұл мәселеге көптеген мақалаларын арнады. Ол адам бойынан, әсіресе, қазақ ұлтының өкілі бойынан табылатын үш қасиет – ұлтшылдық, ұлтжандылық және ұлтсыздық туралы өз ойын келесідей өрбітеді: «Ұлтшылдық та, ұлтжандылық та ұлтсыздыққа қарағанда өрелі қасиет. Бірақ, шынайы ұлтшылдыққа не жетсін! Өйткені ұлтсыздықта (мәңгірттікте) сатқындық бар, ұлтжандылықта жалаң сезім басым да, ал ұлтшылдық болса, бірбеткей саяси категория, өрелі де көшелі философиялық ұғым, езілген ұлттардың жарақатының дауасы, шипасы. Ұлтшылдық құлаққа қанша жағымсыз естілгенімен, ол ғылым шеңберіне сыймайды. Ол – ілім. Ұлтжандылық адам біткеннің баршасында бар болса, ұлтшылдық зейінді, алды-артын болжағыш асыл азаматқа ғана тән қасиет екенін баса айтқанымыз жөн. Ұлтты жүрекпен ғана сезініп, жүрекпен жақсы көрумен ұлтты бостандыққа, оның тарихи арман-мүддесіне алып бара алмаймыз. Тек шынайы ұлтшылдық идея тепкіге, жат елдің бодандығына түскен халқын жүрегінің жылуына бөлей отырып, ұлты үшін қасықтай қаны, шыбындай жаны қалғанша ақырғы демін, күш-қуатын сарқа жұмсайды.

Ұлтжандылық ұлтшылдықтың баламасы емес. Ұлтшылдық әлеуметтік заңдылықтар тоғысқан ілім де, ұлтжандылық – түптеп келгенде қос жастықты шынтаққа басып қойып, қаймақ қатқан қарсақ жон күрең шайды сораптап ішіп, сары самаурынның жанында бәйбішесі мен бала-шағасының ортасын ойып отырып, ұлт туралы, қазақ халқының арман-мүддесі туралы сөз бастауға әлде сәнді бөтелке толған дастархан басындағы бейпіл әңгімеге саяды, ұлт үшін аса керек насихат, уағыз ешкімнің басын ауыртпайтын күңкілге айналады. Саяси әрекетпен астаспаған, өзінің ұлты үшін, елі мен жері үшін, бала-шағасы үшін ешқашан саяси әрекетке бастамаған адам ұлтжандылық сипатта ғана қалады. Ол ұлтшылдық сезімнің ұлтты ұлт ретінде сақтап қалатынын, ұлтшыл азаматтар

сезіндік» [3, 204 б.] дейді. Осындай істер атқара жүріп қазақ қамын ойлайтын саяси ұйым құру идеясы өмірге келеді. Ол жайлы С. Ақатай «1988 жылы «Азатты» бастамас көп бұрын жан-жаққа көз тастадық: осы істі мойнына алып, жауапкершілігін көтеретін үлкендер мен ұлағаттылар табылып жатса, жолын кескестемелік деген салиқалы ой болды. Тәуелсіздік алу қабырғалы қайраткер аға ісі деп ұғындық. Империя рухани ыдырауға түсті, халық майдандары қаптап кетті. Қазақ қана жым-жырт отырды. Іс тым кешеуілдеп бара жатқан соң, әлеумет санасында балаң жастар мен содырлардың сойқаны бел алып кете ме деп қауіптендік. Бұл қауіп негізсіз емес еді. Қойшыбеков Нұрбақыт, Шорманов Марат үшеуіміз біздің үйге біраз уақыт жасырын жиналып жүріп, кеңесе келе Азаттың бағдарламасының жобасын жасадық та, тәуекел дедік. «Азат» деген атты Нұрбақыттың жан досы Шаймұрат Қожабеков ұсынды. Демек, «Азат» туғанда көптің ісі болып дүниеге келді». Осы қозғалыс құру турасында этнограф ғалым Жағда Бабалықұлы кейіннен Азат басшыларының бірі болған Сәбетқазы Ақатай екеуінің 1987 жылы желтоқсан оқиғасы жайлы шындықты әлем жұртшылығына мәлім ету жолында ант етіп, сертке отырып, жасырын жұмыстар жүргізгендерін, «...содан кейін бастау алып, ұлт-азаттық ой-арман, тілек негізінде желі тарта бастаған Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы 1990 жылдарға келгенде ашыққа шығып, өз айналасына ұлтжанды адамдарды топтай бастағандығын» өзінің «Желтоқсан – оқиға емес...» деп аталатын мақаласында да анық көрсетеді [4, 79 б.]. Қозғалыстың ұйымдастырушылары жайды нақтылай кету үшін, Алматы қаласы әкімінің аппаратының қоғамдық ұйымдармен байланыс және ұлтаралық мәселелерді қарау бөлімінің меңгерушісі Н. Бұланбаевтың Қазақстан Республикасының Президентінің аппаратына жазған қызметтік хатының мәтінінен үзінді келтіруге болады, онда: «Қазақстанның азаматтық Азат қозғалысы 1990 жылы ұйымдастырылды. Оның негізін қалаушылар: С. Ақаев, М. Есеналиев, М. Шорманов, Н. Қойшыбеков, Г. Биболдынова, М. Тәтімов, Ж. Бабалықов аталған қозғалысты ұйымдастыруда үлкен қызмет етті» деп оның негізін қалаушы тұлғалардың аталмыш қозғалысты құруда басты роль атқарғандығын атап өтеді [5, 101 б.].

1990 жылдың мамыр айында Азат қозғалысының ұйымдастыру комитеті құрылып, өз жұмысын бастады [193, 78 б.]. Құрылтай 1990 жылдың 30 маусым мен 1 шілдеде Алматыда, Қазақстан жазушылар одағының мәжіліс залында өтті. Оған республиканың тоғыз облысынан, қырық бейресми топтар мен ұйымдардан 400-ге жуық делегат қатысты. Құрылтайға Өзбекстанның, Қырғызстанның, Әзірбайжанның және Москва қаласының демократиялық күштерінің өкілдері қатысып сөз сөйледі. Құрылтайдың күн тәртібі бойынша келесі мәселелер қарастырылды: а) Республикадағы сол кездегі жағдай және Қазақстанның азаматтық Азат азаматтық қозғалысының бағдарламалық міндеттері; ә) Қазақстанның Азат азаматтық қозғалысының жарғысының жобасы; б) Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жобасы; в) Қазақстанның Азат азаматтық қозғалысының басшы органдарын сайлау.

Құрылтай күн тәртібіндегі мәселелердің барлығы да құрылтай барысында талқыланып, нақты шешімдер қабылданып, қозғалыстың басшы органдары сайланды. Мұнда қозғалысты алқалық басқаруды негіздейтін тең төрағалық институты енгізіліп, қозғалыстың жеті тең төрағасы сайланды, олар: Михаил Иванұлы Есенәлиев, Сәбетқазы Ақатаев, Марат Шорманов, Нұрбақыт Қойшыбеков, Евгений Головастиков, Гүлжаһан Биболсынова және Сайын Шапағатов еді. Сонымен қатар қозғалыстың ақсақалдар алқасы да көпшілікпен сайланды, оның құрамына Жағда Бабалықов, Камал Ормантаев, Әмина Нұғманова, Мардан Байділдаев және Мақаш Тәтімов төраға болып кірді. Құрамы 33 адамнан тұратын Үйлестіру кеңесі құрылды және «Азат» газетінің редакциялық алқасы мен Тексеру комиссиясы сайланды. Аталмыш құрылтайда Азат азаматтық қозғалысының Қазақстан азаматтарына үндеуі қабылданды. Үндеуде өздерінің басты мақсаттарын ашып көрсетті, олар мыналар болатын:

- халықаралық одақтық шартпен біріккен, ерікті де тәуелсіз жаңа қоғамдастық шеңберінде Қазақстанның шынайы егемендігіне қол жеткізу;
- республиканың өзінің ұлттық байлығына өзі даусыз иелік ету құқығы;
- ұлттық және әлеуметтік белгісіне, саяси және діни сеніміне қарамастан адамды қадірлеп құрметтейтін құқықтық демократиялық мемлекет құру үшін күресу;
- зорлық-зомбылықты, өкіметке монополиялық билікке қарсы тұру және өз қызметтерін конституциялық институттар арқылы еркін идеялардың бәсекелестігі арқылы жүзеге асыру;
- Қазақстанның күллі азаматтарын ұлтаралық араздық тудыратын арандатуларға жол бермеуге, Азат қозғалысының беделін түсіруге тырысқан күштерге батыл тойтарыс беруге шақыру.

Өз мақсаттарын ортаға салған қозғалыс мақсаттардың бірлігі, тәсілдердің плюрализмі және жалпы халықтық келісім негізінде демократиялық және гүлденген Қазақстан құруды жақтайтын партиялар мен ұйымдарға диалог пен ынтымақтастық үшін Азат қозғалысының есігі әрдайым ашық екендігін жариялайды.

Екі күнге созылған осынау қозғалыстың алғашқы құрылтайына сол кезеңдегі ақпарат құралдарының өкілдері де көптеп қатысқан болатын. Қозғалыстың ұстанымдарындағы айқын ұлттық бағыт, оның езілген қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығы жолында қызмет етуді мақсат етіп қоюы көптеген партиялық басылымдар тарапынан түсінушілікке ие бола алмады. Сонымен қатар қозғалыс ең алғаш болып конфедерациялық негізде одаққа мүше болуды ұсынды. Бұл сол кезеңдегі Қазақстанның Компартиясының ұстанған жанарған федерациялық одаққа бірігу идеясына мүлде кереғар еді. Сонымен қатар «Азат» жайлы «Социалистік Қазақстан» өз көзқарасын жариялап, онда қозғалыстың құрылтайында айтылған компартия тарапына айтылған сын ескертпелер мен қозғалыс бағдарламасындағы отаршылдық саясатты сынау да орынсыз деп саналып, қозғалыстың ұлттар арасындағы араздықты қоздырушы

шаралардың кез-келгенін өз дәрежесінде жүзеге асырылатын болады. Осы мәселелер шешімін тапқанда ғана республиканы мекендейтін орыс тілдес ағайындар да ешкімнен ешқандай қағажу көрмей, қазақ ұлты дәулеттенген сайын өздерінің де салтанатының асып отырғандығын сезінер еді. Бұл Қазақстан өз тәуелсіздігін жарияламастан бұрынғы сұхбат болғандықтан, саясаткердің Кеңес Одағының ыдырауының орын алуы мүкіншілігіне әлі көзінің жетпегенін көреміз, бірақ, ол қайтсек те тәуелсіздікке қол жеткіземіз деп, өз ойын тайсалмай білдіреді және мемлекетті дамытудың өз партиясы ұсынған жобаларын да ортаға салады. Зер сала қарасақ, сол кезде мақсат ретінде қойылған мәселелердің кейбірі әлі де шешімін таба алмағандығын көруге болады. Сондықтан да біз сенімді түрде Азат қозғалысы мен осы аттас партияның ұстанымдарын насихаттаудың қоғам үшін маңызы барлығын айта аламыз.

Ұзақ уақыт бодандықта болған қазақ ұлтының империя құрамындағы отар ретінде басынан кешірген азабын, сол отаршылықтың ұлтқа тигізген кері әсерін ашына баяндай келе, ол өзінің келесі бір сұхбатында осы өкінішті мәселелердің шешімін келесідей көрсетеді: «Қазақстан тәуелсіз, іргелі ел болмай бұл кереғар құбылыстардың бірде-бірінен құтыла алмаймыз; – егер де тәуелсіздік толық болса – бұл індеттерден толық; – егер де тәуелсіздік жартылай болса – жартылай ғана құтыламыз; – ал, алдаусыратқан, жасанды тәуелсіздік болса – бұл індеттерден құтылмай, өзімізді-өзіміз алдаймыз» [23, 166.]. Ол тәуелсіздіктің тек декларативтік сипатта болуына қарсы болып, Ресейдің мемлекетіміздің ішкі ісіне араласуына жол бермеу қажеттігін осы сөздері арқылы жеткізеді. Биліктің ұлттық негізді ескере отырып, жаңа бағыттағы, демократия қағидаларына негізделген саясат жүргізуін жақтайды.

1991 жылғы қыркүйектегі «Орал оқиғалары», солтүстік облыстардағы шиеленісті жағдай, орыс шовинистерінің қазақ жеріне көз аларта қарауы С. Ақатайдың осы мәселе турасында өз көзқарасын білдіруіне итермеледі. Ол орыс зиялыларына ашық хат жолдап, олардың көптеген ғасырлар бойы қордаланаған ұлтаралық татулық мәселесіне көңіл бөліп, өздерін сол отар халықтардың орнына қойып, солардың көкейіндегі сұрақтарға жауап іздеу арқылы ойлана отырып, парасатпен шовинизмге бірлесе қарсы шығуына үндеді: «Егер орыстың ұлттық мәдениеті ұлттың өз мәдениеті туралы өз пікірі болмай, шынында да нағыз ұлы да гуманистік мәдениет екені рас болса, оның озық өкілдері, сіздер, мынадай ащы да анық сұрақтарға жауап берулеріңіз керек: Неліктен Ресейдің орыс емес халықтары ұдайы бұлқынып жатады, «бұларға не жетпейді?». Неліктен орыс мәдениетінің бұратана халықтардың мәдениетіне деген ықпалы олар үшін әрқашан залалмен аяқталып отырады? Неліктен «өз еркімен қосылғандар» боданға айналады? Әлі күнге империя картасы неге бір ғана түспен боялған? Неге «бұратана» халықтар осы уақытқа дейін өздерінің саяси билігін өз қолына ала алмай жатыр? Неліктен біздің қалай өмір сүруіміз керектігін орталықтағы генералдар мен комиссарлар жақсырақ білуі тиіс? Неліктен біздің ұландарымыздың қолына қару беріп, оларды басқа

бауырының мұң-мұқтажын айтпай түсініп, кеселдің алдын алып, күле сөйлесе, қазақ та қоңсы отырған ағайынының мұқтажына құлақ асар еді-ау, шіркін! Қазақтың қатулы қабағы онда неге жадырамасын! Сөйтіп барып дұрдараздықтың орнын ұлтаралық шүйіркелестік басар еді. Иманымыз да, ұлттық бағдарламамыз да осы. Орыс та, неміс те қазақтың мүддесі үшін күрессе тағынан түсіп қалмайды. Сонда қазағым да олардың да мүддесі үшін жанын беретініне мен кепіл. Сонда ғана Азия халықтарының жүрегіне орыс дегенде қатқан мұзы ериді, сол Азияның ортасын ойып отырған қазақтың ажары ашылады» деп, қозғалыстың түпкі мақсатының ұлттар арасына араздық отын жағу емес, керісінше, бірлесе кимылдап демократиялық қоғам құруға үндеу екендігін түсіндіреді. Байқағанымыздай бұл жерде тек қазақ халқының мүддесін шектеу арқылы өзгелерге жайлы жағдай тудыру емес, өзге ұлттардың алдымен қазақ мүддесіне қайшы келмеуі алдыға тартылады. Осылайша С. Ақатай өзге халықтардың кімнің жерінде өмір сүріп, кімнің жерінде өркендеп отырғанын ұмытпай, сол елдің егесіне құрметпен қарағанда ғана, қоғамда әйтеуір іштен тынған, шарасыздық негізіндегі тыныштық емес, шынайы достық қарым-қатынастың орнайтындығын алдыға тартады.

Қозғалыс құрамында партия құрып, сол арқылы парламенттен орын ала отырып, мемлекетте жүргізіліп отырған саясатқа демократиялық жолмен әсер етуді көздеген азаматтардың пікірін құп алған С. Ақатай республика аумағын аралап, үгіт-насихат жүргізіп, 1991 жылы жаңа Қазақстанның Республикалық «Азат» партиясының құрылуына мұрындық болды және осы партия басшылығын өз қолына алды. Осы турасында жапонның «Иомури» газетінің тілшісінің өзіне қойған «Қазаққа не керек?» деген сауалына жауабын осы тақырыптағы жеке мақалада жан-жақты саралай келіп, өз ойын былай қорытындылайды: «Қазаққа керек дүние шаш етек: баспана, астана, асхана... бірақ, қазаққа ең әуелі ұлт ретінде де, қаналған тап ретінде де басын қосарлық, ұлы көшке мұрындық боларлық ұлтжанды һәм отансүйгіш, демократияшыл һәм республикашыл саяси партия қажет!», осылайша ол өзі негізін қалаған республикалық партияны құрудың негізгі мақсатын ашып көрсетеді [22, 58 б.]. Осы партия алдына қойып отырған мақсаттар жайлы ол «Егер де күндердің күнінде Азат партиясы өкімет билігіне жете қалса (парламентке) бес жылдың ар жақ бер жағында Қазақстанның тәуелсіздігін толық қамтамасыз ете алар едік. Сондай-ақ егемендік туралы декларацияның әр бабын іске асырып, ұлттық шекарамызды бүтіндер едік. ССРО-дағы егеменді республикалармен экономикалық қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру арқылы қазіргі дағдарыс процесін тоқтатып қана қоймай, әлемдік нарыққа тауар өндіретін, оның ішінде ауылшаруашылығы өнімдерін сатуға мүмкіндік туар еді. Ең бастысы – Қазақ республикасының мемлекеттік атауын, елдік белгілері болып саналатын жалауы мен әнұранын, елтаңбасын қалыпқа түсіру іске асырылады. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынастан ары аса алмай жатқан қазақ тілінің мәртебесін өндіріс, ғылым, техника салаларында да толық үстемдік жүргізуі үшін тиісті

ұйым деп бағалап, оның төрағаларының тарапына да сыни бағамдауларын жариялады. Авторлар «Байқаймыз, халықтың басына түскен қасіретті пайдаланып, ұпай алмақ ниетте «Азат». Сол үшін де қызыл комиссарлардың күллісін жендеттер қатарына қосып жібереді... Байқасақ, бұлайша күнірене, таусыла сөйлеу жұрт назарын аударудың бір айласы екен. Бағдарламаның бар сұлбасы «халықтың қанын қыздыру үшін әдейі осылай жазылғанын» қозғалыстың қосарланған төрағаларының бірі еш жасырмай, тіпті мақтанышпен айтқан еді» дей келе қозғалыстың апатты аймақта қалған қарақалпақ халқын уақытша Қазақстанға көшіру идеясын, Қазақстан мен Өзбекстанның арасында өз «қарабахы» болғанын қозғалыстың бастама етіп көтергені деп баға береді [6, 150 б.]. Ал «Огни Алатау» газетінде В. Чеглаков қозғалыстың екі тең төрағасымен болған сұхбатты өз түсініктемесімен толықтырып жариялады. Осы қозғалысты барынша радикалды бағыттағы ұлтшыл ұйым ретінде түсінуге жетелейтін сұхбат мәтіні «Вечерняя Алма-Ата» газетінде 11 тамыз 1990 жылы қайта басылып шықты және оқырмандар сұрауы бойынша аталмыш газеттің 8 қыркүйегіндегі санында «Горький вкус сладкого слова свобода» деген тақырыпта Азат қозғалысының бағдарламасына кейбір ескертпелерді жариялады. Онда федерация құрамына кіре отырып Қазақстанның өзінің экономикалық тәуелсіздігін сақтауын алғаш көтерген компартияның «экономикалық тәуелсіздік» идеясын қозғалыс басшыларының қайта көтеруі сыңға ұшырады. Қозғалыс басшыларының конфедерациялық Одақ идеясы, қозғалыс басшыларының бірі С. Ақатай ұсынған «Қазақстанның Одақ құрамынан толық шығып, тең егемен мемлекет ретінде жаңа одаққа қайта кіру» идеясы да сыналды. Сонымен қатар қозғалыстың ұлттық мәселедегі ұстанымдарына «Участники движения «Азат» в своей программе заявляют, что будут отстаивать равенство всех граждан перед законом. Казалось бы, позиции схожи с позициями Компартии Казахстана. Но это первое впечатление. В высказываниях лидеров «Азата» проскальзывает неприкрытое раздражение засилием русскоязычных граждан в республике», деген сипатта баға бере отырып мақала аяғында қазақтардың ұлтшыл қозғалысының халықтан кең қолдау таба алмағандығына ризашылық білдіріледі [7, 142 б.]. Ал А. Самойленко өз хабарламасында Қазақстандағы демократиялық қозғалыстардың бір-біріне қарсы күштерге айналғаны жайлы айта келе «На страницах газеты один из сопредседателей «Азата», С. Акатаев, отнюдь не стеснясь, разрешает русским, немцам, уйгурам остаться жить в Казахстане, потому что – цитирую «Мы нуждаемся... чтобы наша земля пахалась, коровы доились, металл плавился» [8, 112 б.] деп С. Ақатайдың өзге ұлт өкілдерінің Қазақстаннан жаппай көшуін қаламайтындығы жайлы мәлімдемесін көрінеу бұрмалап жеткізген... Осы сарындағы Азат қозғалысына қарсы бағытталған мақалалар өзге де газеттерде жарық көріп қозғалыс жайлы қоғамдық пікірдің екіге жарылуына әсер етті. Бұл әрине қозғалыс құрамына орыс тілді қауымның барынша көптеп қосылуына кедергі болды.

Құрылған күнінен бастап тәуелсіздікті басты мұраты етіп ұстанған қозғалыстың өмірге келгені жайлы орыс тілді баспасөз құралдарының барлығы дерлік қарсы бағыт ұстанды десек қателескен болар едік. Кейбір орыс тіліндегі газеттер «Азаттың» өмірге келуін заңды құбылыс ретінде бағалап, ол жөнінде нақты ақпараттар таратты. Соның бірі «Ленинская смена» тілшілері «Более четырехсот представителей от девяти областей и трех десятков неформальных организаций утвердили Устав движения, избрали руководящие органы – сопредседателей и совет старейшин, приняли Декларацию о государственном суверенитете Казахской республики» деп жазады [9, 124 б.]. Сонымен қатар «Горизонт» газетінде оқырмандар сұрауы бойынша қозғалыс бағдарламасының қысқартылған мәтіні «Гражданское движение Казахстана «Азат» из декларации основных целей и принципов» деген тақырыппен басылып шықты [10, 5 б.].

Қандай саяси ұйым болмасын ол құрылмастан бұрын оның ұстанатын бағыты айқындалып қояры анық, Азат қозғалысы да көптеген ой-пікірлердің пісіп-жетілуі нәтижесі болды десек қателеспейміз. Оның басшылығында болған азаматтар қозғалысқа өз ойларын да ала келді, сондай-ақ сол кезеңдегі саяси-құқықтық ой-пікірлердің өзгеше бағытын қалыптастырды. Қозғалыс басшыларының барлығы дерлік қозғалыстың идеологиялық жұмысымен айналысты деу артықтау, дегенмен, олардың кейбірі қозғалыстың бағыт-бағдарын айқындауға үлкен әсер етті. 1990 жылдардың саяси-құқықтық ой-пікірлер тарихынан алатын өз орындары бар «Азат» қайраткерлерінің кейбірінің ұстанымдарына талдау жасау арқылы жалпы қозғалыс идеяларын зерделемекпіз.

Ұлт болашағы, ұлт қамы деп өз өмірін сол жолға арнаған азаматтар қазақта аз болған жоқ. Осындай ұлт болашағы үшін жаны ауырып, өз ойларын ортаға салып, сол ойларын жүзеге асыру жолында қызмет жасап, үлкен саясатқа араласып, мемлекет тарихында өз орнын қалдыра білген азаматтың бірі Михайл Иванұлы Есеналиев еді. Өз естеліктерінде ол өзінің Ресейдің Саратов облысының Питерка деген селосында қарапайым атшы қазақ отбасында өмірге келгенін, орыс мектебінде оқып, орыс арасында өскенін жазады. 1954 жылы өзіне ұсынылған лауазымды қызметті қабыл алмай, өз отаны Қазақстанға қызметке келеді. Бұл жағдай жөнінде ол кейіннен «Егер сол кезде өзіме ұсынылған қызметті қабыл алып Саратов облысында немесе Москвада қалсам не болар еді. Мүмкін Аман Төлеевтен 25 жыл бұрын Ресей саяси ортасындағы бір қазақ болар ма едім, мүмкін халқы көп Ресейдің құрамындағы саясатта, экономикада, мәдениет, ғылым мен дипломатияда тек Аман Төлеев пен космонавт Талғат Мұсабаевтан өзгесі өз орнын таба алмаған бір миллиондай қазақтың бірі болып жоғалып кетер ме едім» [11, 6 б.]. Қазақстанда ол Павлодар облыстық комсомол комитетінде, Алматы қалалық комсомол комитетінде, Қазақстан Компартиясының орталық комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі ретінде, 1981-1989 жылдары Қазақ ССР сыртқы істер министрі қызметтерін атқарған. 1990 жылдың 30 маусым-1 шілде күндері өткен Азат қозғалысының құрылтайында М. Есеналиев қозғалыс мүшелері сайлаған тең

ғұмырын өз ұлтының мүддесін қорғауға арнаған, сол жолда өмірінің соңына дейін күрес жүргізген белгілі ғалым Сәбетқазы Ақатай еді. Саналы ғұмырын «Қазаққа не керек?» деген сауалға жауап іздеуге арнаған, сонау 1962 жылы Мәскеуде құрылған қазақ жастарының «Жас Тұлпар» ұйымының белді мүшесі болып, қуғынға ұшыраған, кейіннен 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасының» белсенді қатысушысы болып, өз көзімен көрген шындық турасында этнограф-ғалым Ж. Бабалықұлымен бірлесе «Қайрат қоғамының дүние жүзі ұлттар қоғамына хатын» жазып, империяның қылмысын бүкіл дүниеге әшкерелеген. Сонымен де қоймай ұлттың өз дербестігіне қол жеткізуі үшін қандай шаралар атқару қажеттігіне бас қатырып, 1988 жылдан бастап ұлттық ұйым құру үшін жасырын жұмыс істеп, дүниеге «Азат» қозғалысының келуіне себепкердің бірі болған, кейіннен осы қозғалыс аясында Қазақстанның Республикалық «Азат» партиясын құрып, басқарған С. Ақатайдың өзі сүйген ұлты үшін атқарған қызметі ауыз толтырарлық. Осы жолда ол өзінің ұстанымдары, ұлт мұраттары, жалпы ұлтшылдық жайлы, мемлекет пен құқық, мемлекет нысаны, мемлекеттегі ұлтқа қатысты саясат жайлы өз ойларын баспасөзде жариялап, өзінің Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірлер тарихындағы алатын орнын да айқындап кетті. Азат азаматтық қозғалысының жарғысы мен бағдарламасының, «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның авторларының бірі болған, осы қозғалыс аясында құрылған республикалық партияның жарғысының мәтінін жазған С. Ақатай сол кездегі жаңашыл, ұлттық бағыттағы идеялардың жақтаушысы бола білді. Ол қозғалыс жұмысын бастаған кезден бастап оның қызметі жайлы өзге тең төрағалармен қатар насихат жұмыстарына белсене қатысып, «Азат» қозғалысы жайлы ақпарат құралдарында кең көлемде мағлұмат беру ісімен айналысты. Қозғалыс турасында ол: ««Азат» алға, болашаққа үміт артқан халық қозғалысы. Біздің түпкілікті мақсатымыз: толық ұлттық тәуелсіздік. Келте де түсінікті: «Азат» – қазақ ұлтының саяси және әлеуметтік қорғаны. Дүниеге «Азат» қазақ ұлтының мүддесі арқылы көз тастайды», дей келе, қозғалыс жайлы ойын келесідей өрбітеді: «Қазақтың қазіргі ұлт-азаттық қозғалысы бір қайырма әрекет емес, ұзаққа созылған жалғасты тарихи-саяси үрдіс. Оның, менің болжауымша, екі сатысы бар. Төменгі сатысында Қазақстан барлық салада толық тәуелсіздікке тырнағын ілдіреді, ал екінші жоғарғы сатысында қазақ ұлтының толық саяси егемендігі жүзеге асуы тиіс. Бұл сатысында ұлтымыз өз мемлекетінің тарихи баянды дамуын тек өз қолына алуын қамтамасыз етіп, саяси тізгінді ешкімге жалтандамай берік ұстап, ұлттың тағдырын тек өзі шешуін мойынға алады»

Орын алып отырған жағдайға байланысты «Азат» қозғалысының тең төрағаларының бірі ретінде С. Ақатай Қазақстандағы өзге ұлт өкілдеріне қатысты қозғалыс ұстанымдары жайлы өзінің «Қазаққа не керек?» атты мақаласында «Қазақстандағы көпұлтты халықтың ағайындасуын армандайтын ұйымның бірі – біз. Туыстық алдаусыратқан «әлдиге» емес, ақиқат пен шындыққа табан тіресін дейміз. Қазақстанды мекендеген көпұлтты халық ең әуелі соққыға ұшыраған қазақ

саясаткердің басты назарда ұстаған мәселелерінің бірі болды, сондай-ақ ол республиканы мекендеуші барлық ұлт өкілдерінің ортақ үй Қазақстанды сүйе білуінің қажет екендігін түсіне білді. Сондықтан ол ұлттық саясатқа қатысты «Ұлтымыздың әралуандылығына қарамастан біздің барлығымыз Қазақстан Республикасы деп аталатын бір ғана мемлекеттің азаматтарымыз, біздің ортақ міндетіміз – барлығымыздың бірге өз отанымызда бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізуіміз» деген пікірді ұстанды [18, 248 б.].

М. Есеналиевтің пікірлерінің өміршең екендігін айқындай түсетін тағы бір идеясы оның барлық саяси ұйымдарды бірігуге шақыруы еді. Ол саяси күштердің басы бірікпейінше мемлекеттің олар қойған талаптарға мойын бұрмайтындығын, жекелеген саяси ұйымдар өз талаптарының мемлекет тарапынан ескерусіз қалуына байланысты өз қатарын сиретіп, кейіннен өздігінен тарап кететіндігін ескеріп, ортақ мүдде жолында әрбір саяси ұйымның бірігіп қимыл жасау қажеттігін ескертеді. Мемлекеттегі оппозицияның билікпен тең дәрежеде диалог жасауының жалғыз жолының олардың басының бірігуінде екендігіне тоқталады. «Ресми құрылымдардың бейресми ұйымдарды «таза» және «таза емес» деп жіктеп, қоғамдық ұйымдарды бір-біріне қарсы қойып бірінің иығынан қағып жақсылығын асырып, келесі бірін жамандап іске алғысыз жасауына жол бермей біздің барлығымызға бейбітшілік пен азаматтық келісім, жария демократиялық қоғам құру жолында біріккен демократиялық блокқа топтасу жайлы ойлану керек сияқты» [18, 81 б.]. Осы оппозициялық күштердің бірігіп, тізе қосып қимылдау қажеттігі идеясы бүгінде үлкен саяси партиялардың күн тәртібіндегі негізгі мәселеге айналып отырғандығы оның авторының саяси көрегендігін аңғартқандай.

Өзінің атқарған іс-әрекеттері өз бағасын уақыт өте келе әділ түрде алатындығына сеніммен қараған саясаткердің артына қалдырған еңбектері әлі де болса жеке зерттеуді талап етеді. Оның шығармалары арқылы 1990 жылдардағы саяси-құқықтық ой-пікірдің жеке қырларына қанық боламыз. Сондай-ақ М.И. Есеналиевтің айтқан пікірлері өз өміршеңдігімен ерекшеленеді және жаңа идеялардың өмірге келуіне мұрындық бола алады деген тұжырымдама жасауға болады.

20 ғасыр басындағы қазақтың ұлттық дербес мемлекетін құру идеясының жақтаушылардың бірі, Алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасов «Қазаққа не керек?» деген терең мағыналы мақала жазып, онда осы сауалға өзінше жауап берген екен. Ол өз дәуірінің ерекшеліктеріне тоқтала келе, сол кезеңде қазақ үшін екі мәселеге айрықша мән беру қажеттілігін алға тартады, біріншіден, қазақтың өзіндегі шикізатты өз жерінде өңдеп, шойын жол салып, өндірісті өркендетуге бел шеше кірісуі, екіншіден, қазақтың білімге бет бұрып, ұлттық кадрлар даярлау ісіне үкіметтің ден қоюы. Ойын қорытындылай келе, ол осы екі мәселені жүзеге асырғанда ғана қазақтың өзгемен теңесетінін алға тартқан [21, 27 б.]. Дәл осы сұрақ 20 ғасырдың соңында көптеген қазақтың ұлтшыл азаматтарының көкейінде жүрген, бірақ, тек саусақпен санарлық азаматтар ғана ауызекі әңгімеден ары барып, өз беттерімен әрекет ете алған-ды, сол азаматтардың бірі,

жеті төрағаның бірі болды. Әрине тұлғаның қызмет жолы мен атқарған істері жөнінде деректер келтіру басты мақсат болмағандықтан, оның саяси-құқықтық көзқарастарына, оның ішінде ұлттық мемлекет құру идеясына кеңірек тоқталған жөн деп санадық. Жалпы ұлттық мемлекет ұлттың өзін-өзі билеуінің саяси түрі. Ұлттық мемлекет түрінде қалыптаса отырып, ол елімізде тұрған өзге ұлт өкілдерін өгейсітпейді, олардың заңды құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге кепілдік береді [12, 3 б.]. Еліміздің тарихында ХХ ғасыр басында құрылған Алаш қозғалысы ұлттық мемлекет құру идеясын алға тартқан болатын. «Қазақ елі халық билейтін хәм қазақи ерекшеліктері бар ел» деген идеяны ту етіп көтерген [13, 88 б.]. «Алаш» қозғалысының алдына қойған үлкен міндет 18 ғасырда ыдырауға ұшыраған қазақ ұлттық мемлекетін жаңа заман талабына сай жаңа сапада қайта құру болды. Алаш зиялыларының ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі жағдайында аяқ асты болып келген ұлттық мүддені қорғай алатын, сол арқылы қазақ елінің әлем халықтарымен бірге үдемелі прогресшіл дамуын қамтамасыз ете алатын ең негізгі фактор – ол ұлттық мемлекеттік құрылым болуы еді [14, 4 б.]. Бұл идея ұзақ уақыттан кейін тәуелсіздікке ұмтылған Қазақстанда жаңаша серпінмен Азат белсенділерінің «Қазақ Республикасы қазақ ұлтының, сол сияқты басқа да ұлттық топтардың гүлденуі мен лайықты тұрмысына кепілдік беретін егеменді, демократиялық мемлекет болып табылады» ұстанымымен өз жалғасын таба алды [15, 65 б.]. Ұлттық мемлекет құру идеясы жолында қызмет жасаған қозғалыстың басшысы ретінде М. Есеналиев осындай қозғалыстың ұлттық мемлекет орнатудағы роліне ерекше мән береді: «Өмір мәңгілік емес. Саяси өмір де солай. Түрлі партиялар мен қозғалыстар туып жатады, бірігіп жатады, кейде жоқ болып кетеді. Басшылар да өзгеріп жатады. Бұл-қалыпты жайт. Жаңа өмір орнатып жатқан, оның үстіне жергілікті халқы азшылықта қалған Қазақстан жағдайында осындай қозғалыстар мен партиялардың да көп болып, сырттан да іштен де шалушылыққа ұшырауы заңды. Дәл осындай кезеңде ежелгі ұлт өкілдерінің ерік-жігерін паш ететін ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштің тууы объективті қажеттілік. Ол ұлттық мемлекеттің құрылып, қалыптасуына атсалысуға тиіс» [16, 2 б.]. М. Есеналиев қозғалыс жетекшісі бола жүріп, кейіннен қозғалыстан денсаулығына байланысты өз еркімен бас тартқаннан соң да баспасөз беттерінде өз ұстанымдары, саяси-құқықтық ой-пікірлері жайлы жиі жариялап жүрді. 1990 жылдары мемлекеттің болашағы, ондағы жергілікті ұлт өкілдерінің жай-күйі, ұлттық сананы қайта жаңғырту сияқты көптеген мәселелер қоғамдық баспасөз беттерінде талқыға түскен болатын. Бұл мәселелерден М. Есеналиев те шет қалған жоқ. Ол қазақтардың өз жерінде Америкадағы үндістер сияқты өгей халықтың кебін киіп отырғандығына қынжылыс білдіре отырып, атам заманнан өсіп-өнген жерінде жүндей түтіліп, енді болмаса құрдымға кете жаздаған жергілікті халық – қазақтардың мүддесін қорғау қажеттігін алға тартты [17, 23 б.]. Ұлттың ұлт ретінде сақталуының кепілі болатын ана тілін сақтап, дамыту

әр ұлттың көзі қарақты азаматтарының көкейкесті мәселесі екендігі баршамызға аян және осы мәселеде олар әрқашан да өз ұстанымдарын алға тартып отырады.

Мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген қазақ тілі мәселесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қызу талқылауға түскені белгілі және оның осы күні де өз шешімін таба алмай келе жатқаны баршамызға аян. Бұл жөнінде баспасөзде жарық көрген кейбір кері пікірлерге М. Есеналиев өмірде бар деректерді келтіре отырып жауап беруге тырысқан. «Кез-келген мемлекет – Европада болсын (Германия, Ұлыбритания, Франция, Испания және т.б.), Азияда болсын (Қытай, Үндістан, Жапония, Тайланд, Корея және т.б.) – жергілікті ұлт өкілінің атымен сақталып даму үстінде және онда мемлекеттік тілмен бірге әрбір ұлт өз ана тілін еркін пайдалана алады. Қазақстан бұл мәселеде жалғыз мысал емес» [18, 71 б.]. Сол кезеңдегі мемлекеттік тілдің жағдайының қаншалықты деңгейде екендігіне баға бере отырып, ол қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі орыс тілін ығыстыру үшін емес, қайта қазақ тілінің қоғамда сол орыс тілінің дәрежесіне көтерілуі үшін қажет екендігіне және уақыт өте келе қазақ тілі қоғамда белсенді түрде әрекет ететіндігіне сенім білдіреді. Алайда қазақ тілін тек мемлекеттік тіл ретінде жариялаудың ешқандай оң нәтиже бермейтіндігін уақыт өзі дәлелдеп берді, бірақ біз бұл жерден саясаткердің мемлекеттік тілдің өркендеуіне мемлекеттің тікелей мұрындық болатындығына үміт артқанын байқаймыз. Қазақстанның Одақ құрамындағы кезінің өзінде 1988 жылғы жазылған мақаласында ұлттық кадр мәселесіне де көңіл аударып, қазақтардың өндіріс орындарында, басшы қызметтерде өте аз мөлшерде немесе мүлде болмауын мәселе ретінде көтереді. Жергілікті ұлт өкілдерінің балаларын кәсіби-техникалық мектептер мен жоғарғы техникалық оқу орындарына тарту мәселесін көтереді [19, 56 б.] Сонымен қатар, ол сол кезде көптеген ұлт өкілдері мәселе ретінде көтере бастаған Қазақ жерінде ұлттық автономия құру идеясына да қарсы шығып, өз көзқарасын білдіреді: «Қазақстан автономиялық бөліністері жоқ ұлттық мемлекеттік құрылым болған, болады және болашақта тек сондай сипатта ғана сақталып қалады. Қазақстанда өмір сүруші барлық ұлттық топтар мен халықтардың олардың тілі, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі сақталып, дамитын отандары бар. Тек қана қазақтардың Қазақстаннан өзге отаны жоқ, сондықтан олар өз ата-бабалары қалдырған жерде аборигендер кешкен күйді кешкісі келмейді. Осы жерден түрлі автономистік пиғылдарға, кімнен және қандай дәйектер келтірілмесін қарсылық туындайды».

Қазақстанда азаматтық қоғам құру, демократияны өрістету, жариялылыққа қол жеткізу, саяси партиялардың мемлекеттік саясатта алар орнын нығайту жөнінде де М. Есеналиев көреген ойларын ортаға сала білді. Қазақстандағы сол кездегі ұлттық құрамға мән берген саясаткер кез-келген аңдамай айтылған сөздің ұлтаралық қатынастарға салқынын тигізетіндігін ескерген және ұлттар арасында араздық тумас үшін және өзге ұлттардың қазақ халқына деген ұстанымдарын тек достық ниетте өрбіту үшін сол ұлт өкілдерін де шетке қақпай ортаға тарта білу керектігін ескертті. Ол саяси партияны құруда тек бір ұлт мүддесі көзделмеуі қажеттілігін, сондай-ақ қазақ халқының мүддесімен өзге ұлт өкілдерінің

мүддесін ұштастыра отырып, ұлтаралық татулыққа қол жеткізуге болатындығын алдыға тартады. Болашақ жайлы ой-пікірлер, егемендікті түсіну біздің бүгінгі Қазақстандық шындықпен жанасуы тиіс, мен бірлесе, жария түрде, ортақ пікірге жүгіне отырып халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін көздейтін барлық ұйымдармен ортақ шешімге келуді ұсынамын. «Қайта жаңғыру» ұранымен кейбір әсіре патриоттардың ұлтты өзгелерден оқшауламауы үшін біздің қозғалыс бір ұлттың ғана өкілдерін біріктірмеуге тиіс, орыс тілді қауым ұйымды ұлттық ретінде ғана танымай, оның жұмысына белсене қатынасуы үшін ол қоғамның барлық топтарын, қоғамдық, ғылыми, шығармашылық, бейресми ұйымдар мен топтарды біріктіруге тиіс.

Азат қозғалысы – 1917 жылы құрылған «Алаш» партиясының ізбасары ретінде «Алаш» мақсат еткен құндылықтарды алға тартты [15, 11 б.]. Ғасыр басындағы осы ұлттық қозғалыс жетекшілері арасында кейбір пікір алшақтықтары болғаны секілді Азат қозғалысы мүшелері де кей мәселелерде пікір алшақтығына жол беріп отырды. Бұл, әрине саяси ұйым үшін қалыпты нәрсе, өйткені пікір қайшылықтары арқылы ғана жалпыға ортақ шешімге келуге болатыны баршамызға аян. Соның бір мысалы ретінде 1917 жылдың желтоқсанының он екісі күні өткен жалпықазақтық екінші съезде автономия жариялау турасында болған пікірталастарды келтіруге болады. Онда автономияны жариялау мерзімі туралы принципті мәселеде біріне-бірі қарама-қарсы екі бағыт қалыптасқан. Бірақ екі жақ та ұлттық, халықтық мүддені жеке бастарының саяси ұпай жинауынан жоғары қойып ортақ келісімге келген. Азат қозғалысында да әртүрлі ұстанымдағы тұлғалар басы біріккен еді, олардың кейбірінің саяси ұстанымдары М. Есеналиевтікімен тіпті сәйкес келмейтін. Оның өзге ұлт өкілдеріне бүйрегі бұра бермейтін, «...ұлтымыздың болашағынан гөрі өзіне қолайлы орысша ортаның сақталуын қалайтын эгоистік пиғылды орыс тілді қандастарымыз баршылық. Бұлар кезінде Ресей КСРО үкіметтерінің орыс емес ұлттарға (кейде тіпті орыстарға да) жасаған геноцид, репрессияларына көз жұмып, сол кездегі қоғамдық әділеттілік туралы айтып тамсануда. Ал шындығына келсек, Ресей империясындағы халықтардың жақсылық көрген кезі ешқашан болған емес дер едім» [20, 251 б.] деп ашық түрде тек қана қазақ ұлтының мүддесі үшін күресуші Х. Қожа-Ахмет секілді саясаткерлермен бірлесе жұмыс атқарып, олардың ортақ іске жұмылуына мұрындық болуы, бірақ өзгелердің ұстанымдарының жетегінде өз позициясын өзгертпеуі де біраз нәрсені аңғартса керек. М. Есеналиев 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары турасында әлі де талай ойлар айтылатынына тоқталып, өзгелерді ұстамды болуға шақырады. Өткеннің жағымсыз жақтарын ұмытып, келешекке өткеннен сабақ ала отырып жылжымасақ өткенді қаза беру болашақта ешқандай жетістіктерге жеткізбейтіндігіне көңіл бөледі. Сондай-ақ осы аталған 1986 жылғы оқиғаларға саяси баға беру жөнінде ең алғаш рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасына 25 сәуір 1989 жылы депутаттық сауал жіберген де М. Есеналиев болатын. Ұлттар арасында достастық, олардың бір-біріне татулықпен қарауы